

18864

И

КӘКІМБЕК САЛЫКОВ



Жұлдызды  
жылдар  
тынысы



# Кәкімбек Салықов



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

# ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЫЛДАР ТЫНЫСЫ

ӨЛЕҢДЕР ЖӘНЕ ПОЭМА



Алматы — 1978

018864

**Салықов Кәкімбек**

- С 78** Жұлдызды жылдар тынысы. Өлеңдер мен поэма.  
Алматы, «Жазушы», 1978.  
288 бет.

Ақын Кәкімбек Салықовтың «Жұлдызды жылдар тынысы» деп аталатын жаңа жинағына соңғы жылдарда жазған өлеңдері мен «Кенші жолы» атты поэмасы енді.

Отанымыздың астанасы — Москва, халықтар достығы, замана ұлылығы, біздің замандастарымыздың жасампаз еңбегі жайлы ақын шабытпен толғанады.

Қаз 2

С  $\frac{70403-78}{402(07)-78}$  96—78

© «Жазушы» 1978

012

Северо-Казахстанская областная  
БИБЛИОТЕКА  
г. ПЕТРОПАВЛОВСК

# ӨЛЕНДЕР



## МОСКВАҒА

Өсіп ем туған ұлың боп,  
Үлкен Ауыл — астанам.  
Арнаған саған жырым көп,  
Жариялауға жасқанам.

Шақ келмей теңеу қинайды,  
Жетпесе тілім кеше гөр.  
Сыймайды, сөзге сыймайды,  
Ленин жүрген көшелер.

Оңай емес білгенге,  
Жеткізер қандай тіл епті.  
Мавзолейге кіргенде,  
Ерекше соққан жүректі.

Сарқылмас шексіз лектер,  
Жер шары бүкіл сыйлайды.  
Сол телегей тілектер,  
Шумаққа шағын сыймайды.

Осында өтті сал-сері  
Студенттік дәуірім.  
Осында таптым жан себі —  
Жүректің іңкәр дәруін.

Ақталды үміт қиялы,  
Жарасты біздің сәніміз.  
Бәйбіше болды зиялы,  
Сол жұқалтай сары қыз.

Жарқ етсе өмір төрінде,  
Мәскеуде жазған жырларым  
Сол ма деп қалам көрінген,  
Жұлдызды менің жылдарым.

## САҒЫНЫШ НАЗЫ

Ән салма, қалқам,  
Ауылды аңсап мен барда.  
Ән салман, қалқам,  
Ауылды аңсап сен барда.  
Көре алмадым  
Биылғы көктем қарқынын,  
Өзендерде сығылысқан сең бар ма?

Алғысым мол ғой,  
Сәуалымды ұққанға.  
Сағынышымның сырын тінтпе,  
Сұқтанба.  
Көресің әлі,  
Ұлытаудың етегін  
Қызыл, сары, алуан гүлдер шыққанда.

Қырмызысы —  
Қызыл ішік киген қыз,  
Сарғышы — менің  
Сырымды іштей түйген қыз.  
Қаракөк гүлдер —  
Қарақат көздер емес пе,  
Қарақат көзді қапысыз біз де  
сүйгенбіз.

Байқамаппын,  
Биылғы жаздың келгенін,  
Жезкиіктің  
Із тастап жорта желгенін.  
Қос көлге барып,  
Аққуға қарап отыру,  
Елестеп кетті қисапсыз қызық ермегім.

Шомылар еді-ау,  
Алдыма жайып қос қанат.  
Өзеурер ақ құс,  
Көкірек қимас дос санап.  
Телміртер сонда,  
Тәуелді етіп көз арбап,  
Айдалаға адасқан жандай бос қамап.

Қарар еді-ау,  
Мейірімді жүзбен аялап.  
Қалғып та кетер,  
Рахат тауып, саялап.  
Сондай сәтте,  
Сусындап келген жезкиік,  
Күн қайда, шіркін!  
Қызғанып бермен таямақ.

Көре алмадым,  
Өртеңге шыққан көгінді.

Тере алмадым,  
Сылқыл мен қыңқыл көп үнді.  
Мейірім менің қанар ма еді  
Көз шалса,  
Мұрт сипасып, бой түзеп қалған егінді.

Көрдiңдер ме  
Биылғы дала жауынын.  
Саф таза ауа  
Орманды тоғай бауырын.  
Естiдiңдер ме,  
Кiсiнегенiн құлынның  
Қоңырау даусы  
Сұранып бие сауымын.

Ән салма, қалқам,  
Ауылды аңсап мен барда.  
Онсыз да болам  
Өзiмнен өзiм дел-далда.  
Аз ғана уақыт сағынбаған болайын,  
Одан да менің көңлiмдi сен де алда.

## ЗАХАРОВО ЗЕРІ

...«Болыпты біздің мекен Захарово»

*А. С. Пушкин.*

Майшуақ мезгіл маусым мас,  
Москва түбі көк орман.  
Жетелеп келді таусылмас,  
Көк ормандай көп арман.

Көл жатыр алаң шетінде,  
Сәулеге елтіп, маужырап.  
Аққу құс айдын бетінде,  
Қарайды маған жаудырап.

Әуреге, ақ құс, салма көп,  
Сенде емес ойым, арайлым.  
Дананың ізі бар ма деп,  
Дәмелі көзбен қараймын.

Аққу құс ойға салынған,  
Тіл қатты маған елеңдеп:  
— Өзім де сендей сағынған  
Кезімде іздеп келем, деп.

Із барлау болмас оңай жүк,  
Күрсініп ауа жұтамын.

Сонда бір шырша қобалжып,  
Сөйледі, серпіп бұтағын.

Өткізді бізбен бұйра бас,  
Бес жаспен онның арасын.  
Табиғат қалай сыйламас  
Өзіне ұқсас баласын.

Ұғарсың сырды тұңғиық,  
Аспаймын шындық, әдептен.  
Үйленген жылы жыр құйып,  
Іздерін өзі әкеткен.

Әр сөзі дәру бізге де,  
Жасарам сәуле-нұрынан.  
Пушкинді бізден іздеме,  
Бізді ізде ақын жырынан.

## ШЫНДЫҚ

Құрбыға талай телмірдім,  
Көз құмары қанғанша.  
Бәрін де мендік деп жүрдім,  
Біреуін сүйіп алғанша.

Қыз жаққа бүгін қарасам,  
Серілік деп санама.  
Құдай-ау, не бір тамашаң,  
Бұйырсын деймін балама.

## АНАМНЫҢ БЕРГЕН ТӘЛІМІ

Шілденің кезі,  
Қасымда бірге Шота бар.  
Жауқазын едік,  
Алаулы күннен от алар.  
Жазатайым екі көзің көрмей қап,  
Боздадық сонда баурында қос боталар.

Білдірмедің,  
Тұрсаң да шексіз арманда.  
Студент күндер,  
Аз күнге аңсап барғанда.  
Сыйлаймын деп досымды менің жүгірдің,  
Сый-құрметің,  
Асты ғой көзі бардан да.

Шошалада  
Табаға нан пісіріп,  
Шаңырақтан сақтаған сүрді түсіріп,  
Сол тұрған кейпің,  
Отырған қалпың ғажайып,  
Тамсантады,  
Сағыныш еске түсіріп.

Асыл ана,  
Кең жүрек кемел жаралған,

Өзіндей жанды,  
Іздесем жерден таба алман.  
Бейнеңе қарап,  
Бекем ғана жүруші ем,  
Жақындап маған,  
Алыстағы бар арман.

Ауылдың іші,  
Аруағындай сыйлайтын,  
Ауыр сөз түгіл,  
Әзілге де қимайтын.  
Құрбыларыңды ақсақалдар ұрысқанда,  
Сендей бол деуден дәрісін дәмді тыймайтын.

Тоса да білдің,  
Өзгелер тоспай кеткенде,  
Аяушы ем үнсіз,  
Айықпас қапа шеккенде.  
Арманы жоқ артында сендей жары бағ,  
Қара қағаз тапсырып мәңгі кеткенде.

Болсаң да бірі қатардағы пенденің,  
Өлді деген хабарға қиып,  
сенбедің.

Оралмай жарың кетсе де қырғын соғыста,  
Біздерге аян тосумен жауды жеңгенің.

Туса да күнім өніп-өсіп жетілген,  
Бейнеңді естен көз жұмғанша кетірмен.  
Ұл, қызым бар,  
Майрашым сенен аумайды.  
Жайқалды жапырақ,  
Жердегі қалған жетімнен.

Адам көрсем көңілі қаяу, шетілген,  
Өзіңдей мен де ет кесіп берем етімнен.  
Аттандырып оқуға мені қалғанда,  
Айтқаның сол ғой, бір сипап жылы бетімнен.

Тіл қатуға,  
Жалғызың сонда жасқанды,  
Арқалап қалдың,  
Мен үшін ауыр аспанды.  
Қияға қанат қақтырып қарап тұрғанда,  
Қуаныш кернеп,  
Көрмейтін көзден жас тамды.

Есімде менің,  
Ауырлыққа төзгенің,  
Жолыма бақыт,  
Өмірдің нұрын көздедің.  
Дидарың дана,  
Шапағат шашып қалғанда,

010864

Бұл ғаламды  
Көре алмайтыныңды сезбедім.

Берді ғой дүние,  
Әркімге әрбір арманды.  
Арманың менмін,  
Тірлігің жерде жалғанды.  
Көрсетпе деуші ең баласы өліп артында  
Анасы топырақ салғанды.

Сөзімде менің  
Қосып алар жалған жоқ,  
Тәрбие берген дипломың қолда қалған жоқ.  
Ақ сүтіңнен бойыма сіңген қасиет,  
Одан артық диплом әлі алғам жоқ.

Таңдайымның татымды болса салымы,  
Тағдырымның есімде үлкен ғалымы.  
Кемшілігім — кейінгі күндер іздері,  
Жақсылығым — анамның берген тәлімі.

## ҰЛЫМА

Дос боларсың,  
Ұлым-ау, түбі кімге,  
Елігерсің,  
Елтірсің түрлі гүлге,  
Арманыңа алыста жетем десең,  
Айырбастай көрмеші күнді түнге.

Жолықтырар ауыр жол  
Кімді кімге,  
Сүріндірер кейде ол  
Пілді тілге.  
Іс тындырып тірлікте өтем десең,  
Әрқашанда жалғастыр түнді күнге.



Санама, достым,  
Сарыарқаны көргенге.

Ұлылықты ұғам  
Ұлытауды көргенде,  
Тұрады-ау маңғаз,  
Еңсесі биік өр кеуде.  
Ұлытау ұран болыпты,  
Бұрын бабама,  
Екі дай дауда  
Даласын жауға бермеуге.

Байқоңыр бағыт,  
Ғарышқа құлаш сермеуге.  
Жезқазған жомарт,  
Жез қазына теңдеуге.  
Өзі түгіл  
Өрнектері осындай,  
Ұлытаудың  
Ұлылығына болмас сенбеуге.

## ҚҰЛАГЕРГЕ

Беу-беу, шіркін!  
Қайран Құлагерім-ай.  
Терең көл боп,  
Кеппей жатқан терің-ай.  
Бүкіл қазақ  
аңыз етіп сақтаған,  
Топырақтағы ай таңбалы мөрің-ай.

Сұлулардай қарғап өткен көрікті.  
Оза білген,  
Мал да зорлық көріпті,  
Жүректерге жүлде салған  
Жануар,  
Бір сотқардың сойылынан өліпті.

Арқаланып,  
ел шуына көтерген,  
Ақырғы рет,  
Мәреге есен жетер ме ең.  
Болсам егер  
ат айдаушы Бөрібай,  
Сені сақтап,  
Өзім мерт боп кетер ем.

## АСТАНАНЫҢ ЖАҢБЫРЫ

Мәскеуде көрдік  
Жаз бойы жауған жаңбырды.  
Найзағай жарқыл есімізден тандырды.  
Не де болса,  
— Құтты болсын! — дей берем,  
Жер құмарын бір армансыз қандырды.

Ауылда денем  
Ыстыққа күйіп балқыды,  
Рахат болды, астана жаңбыр салқыны.  
Найзағайлармен жалғасып жатқан сияқты,  
Жезқазғанның мыс қайнар  
Отты жарқылы.

Сабалақ жаңбыр  
Саябыр таппай көп жауды.  
Керемет бұл шақ кемелден асын деп жауды.  
Молшылық келіп, мол шықса егін жақсы ғой,  
Мәз көрер жаным, миллиардтарды болжауды.

Қолымнан келсе,  
Бұлттарды соғып сауырға,  
Жіберер едім,  
Бірталайын ауылға.

Қалғаны да жетер еді мәскеулік,  
Шаруа қуған бауырға.

Көрдiк қой, көрдiк,  
Жаз бойы жауған жаңбырды.  
Шатырда сатыр,  
Жүректе жыр боп жаңғырды.  
Шiлделiкте қайталай берген сияқты,  
Өлеңшi жiгiт «эрэ-рэй» бiтсе «эндiрдi».

Май бөксe бұлттар  
Тұтасып алды шiлдеде.  
Тарқамады саябыр айтқан тiлге де:  
Қонаққа келген президенттердiң зайыбын,  
Орандырмады үлде менен бұлдеге.

Жаңбырға — беу-беу! —  
Сондай бiр кезде сүйiнгем,  
Корольдi көрдiм  
Жасқанып, плащь киiнген.  
Королеваны сүйiп өттi ақ нөсер,  
Сипалай сырғып,  
Қытықтап қолтық, бүйiрден.

Бұрынғы көрген сүмбiле сойқан бекердей,  
Селдедi сайлар,

Жылжыды жыра тереңдей.  
Келіншектер де малшынған, тоңған көп болды,  
Қол шатырға ығысып кіріп кетердей.

Жауа бер, жаңбыр, жұтар дейсің жазда кім,  
Жаурады деме, жыр отымен маздадым.  
Жауа бер, жаңбыр, өзіңнің жақұт тамшындай  
Айтатын әлі астана жайлы аз ба әнім!

## АҒА СӨЗІ

— Алысқа арман жетелеп,  
Барады бақыт бөпелеп.  
Қонысың ауды Мәскеуге,  
Ақ тілек бізде өте көп.

Еңсесі биік кеңсенді,  
Естідім, саған ел сенді,  
Өлеңсіз бірақ өтпесін,  
Сенбіге ерген жексенбі.

Ақылдылық сақтықта,  
Ойланбай өнер таптың ба?  
Тоғыз өлшеп тура кес,  
Толғантпас сөзге жаттықпа.

Күш келді деп уысқа,  
Ежелгі доспен суыспа.  
Озғанды көрсең сұқтанып  
Кінәрат іздеп қуыспа.

Тұғыры берік тауында,  
Өнерің жетсін қауымға.  
Жол болсын деп қуандық,  
Сағынтпай орал ауылға.

## КҮМІС ОРМАН

Москва маңы!  
Торғын тоғай сенде екен,  
Көңілім толды, мен де шабыт селдетем.  
Шыт-шымылдык,  
Шымқай көкшіл үйеңкі,  
Оны орыстар «Күміс орман» дейді екен.

Ағаш басы үкінің ең ағындай,  
Кейде сүмбіл ақбоз аттың жалындай.  
Бірде лағыл, бірде айқын көгілдір,  
Жыр тебіrentкен менің нәзік жанымдай.

Сал самырсын,  
Бойы дел-сал сенделген.  
Қос қанаты төгілмелі теңделген.  
Ауыл қызы су әкеле жатқандай,  
Иығында күйентесі тербелген.

Толтырғандай төңіректегі олқыны,  
Ақ қайың тұр ару қыздай шолпылы.  
Ақ білегі көзге оттай ұшырап,  
Көп хикая еске түсті сол күні.

Сыбырласса әрең күліп сылқылдап,  
Елеңдеймін,

Бір тыңдамай, бір тыңдап.  
Маржан шашып қызықтырды толқындар,  
Құмға аунаған бикештерге қыңқылдап.  
Ашық аспан,  
Сылқым өзен,  
Жер күміс.  
Шырша терек араласқан кең жыныс;  
Арасында адастырмас ақ дидар,  
Беу, бәйбіше, жаутаң қаққан сен күміс.

Күміс орман! Табиғаттың ғажабы,  
Сүйді сені кең даланың қазағы.  
Жыр күмісін егіп жүрсем өзіңдей,  
Сұлулыққа іңкәрліктің азабы.



Сәуір келе жатыр ғой,  
Сәуір келе.  
Құлпырмасын жайлауда ауыл неге?  
Күпілдеген бұлақтар лүпілімен,  
Жер гүлденді кешегі ауыр дене.

Мал түлегі жүгірді кәмілдене,  
Бал көбейді жас қымыз дәмінде де.  
Тұла бойды сәскеде тебіrentкен,  
Қуаныш бар сандугаш әнінде де.

Сәуір келе жатыр ғой,  
Сәуір келе.  
Жаңғырықты мәңгірген тау іргеде.  
Жариялайын, махаббат! Жариялайын!  
Қарай қалшы сен-дағы тәуірлене.

## ОРТА ЖОЯДА

Бір шалқуға  
Бүгін мен еріктімін.  
Ұнап та тұр, достарым, серіктігің.  
Шыр еткенді,  
Жыр етсем — шындық осы,  
Бүгін таңда мен туған  
Келіпті күн.

Дүние деген бір дархан ашылыпты,  
Мың-мың жұлдыз алдыма шашылыпты.  
Мың-мың қыздар ішінде бір сұлуы,  
Мен ғашығың болам, деп асығыпты.

Қой, жүрегім,  
Өткенді жаңқалама,  
Бір ғұмырды бір өлең айта ала ма.  
Бәйбіше боп,  
Бұйрығын өктем сөйлеп,  
Қасымда отыр баяғы қалқа бала.

Мың-мың тұлпар ішінде бір дүлдүлі,  
Сансыз құстар ішінде бір бұлбұлы.  
Мені аңсапты,  
Сол шығар қасиетті,  
Күмбірлесе бұл күнде күй сыңғыры.

Жүйрік шабыт ерекше серік тапты,  
Жылдарым да жылдамдап келіп шапты.  
Мен емес қой сағынған қырық бесті,  
Айналайын, өзі іздеп келіп қапты.

Күміс шаштың қырауын гүл аяды,  
— Жоқ, аяма, ол таныс жыл аяңы,—  
десем-дағы,  
Ой, алла-ай, жеңешем де,  
Неге ғана соншама мұңаяды.

Қой, жеңеше, кәнекей, жылыт пішін,  
Қырықбестер азайтпас жігіт күшін.  
Жер ортасы бұл күнде жетпіс деп жүр,  
Айтылмаған сөз шығар үгіт үшін.

Алғырлығым қайтпайтын қырағымын,  
Бастап келем өрелі жыр ағынын.  
Біреу емес бұлқынған,  
Мың ағыным,  
Сарқылмайтын Алатау бұлағымын.

Құмарлансам көзімнің шалғанына,  
Қуат алам жетуге арманыма  
Қайтара алмай келемін,  
Туған елім,



**Уақыт шашып жүргем жоқ**

**Оңға, солға.**

**Жалықпасын күш-жігер бойда молда.**

**Сәйгүліктер тобына ілігіп ем,**

**Қимылдайын қалмауға орта жолда.**



Әкесіз бала ойшылдау,  
Алды-артына қарағыш.  
Кейістік көп — жол шырмау,  
Әйтеуір жаны тарамыс.

Әкелі бала өжеттеу,  
Тәуекел серік етеді.  
Көлігі өтпес бөгеттен,  
Көкірегі сүйреп өтеді.

Фәлсәфа деме бұл кеңес,  
Білем ғой бастан өткесін.  
Ол емес, не бұл емес,  
Тірі жетім етпесін.

\* \* \*

Тірліктің қымбат қонағы,  
Жүріңдер біліп, ұл-қызым.  
Жұлдызды жылдар болады,  
Сөндіріп алма жұлдызын.

Шыдасаң бейнет шеккенге,  
Жұлдызың көкте жанады.  
Соңыра тыныс біткенде,  
Жарқырап ізің қалады.



Қиғаш қасты серпе тастап,  
Қос жанар,  
Ұмсындырар, құлшындырар,  
Дос санар.  
Біреу күндер көзден тайса жан жүдеп,  
Дархан дүние қызықсыз боп бос қалар.

Жел диірмен...  
Кесек тасты иірген,  
Кезінде мен қыз үйіне түйілгем.  
Қарақат көздер жүрегімді жүгіртіп,  
Сол диірмен қанатындай иірген.

Соғыс біткен жылғы көктем,  
Анашым:  
— Ел сөкпей ме,  
Жауып өсек-жаласын,  
Жоламаушы ең тұрмыс бұдан ауырда,  
Қалқам, неге?  
Ол үйге көп барасың? —

десі бар ма?!  
Дәлдеп айтар сағатын,  
Сөз сүйекке жетті зерде салатын.  
Білетінмін,  
Бітіп қалса уыс үн  
Диірменшіден әрең сатып алатын

**Білетінмін...**

**Саңылау бар ғой шамалар,  
Диірменшінің үйін кімдер сағалар.  
— Малын жайлап, отынын кесіп бердік  
Нанға тойдық,— деуші еді кей балалар.**

**Қалай айтам,**

**Қызында деп — бар ісім,  
Тым жаспын ғой,  
Зар қағуға жар үшін.  
Ол үй жаққа оралмадым ешқашан.  
Жоламадым қызына да ар үшін.**

**Жел диірмен...**

**Желе жортқан тың желден,  
Көрінесің артта алыс шың белден.  
Соғыс жылдар...  
Арпа сезім үзіліп,  
Маған солай  
Малта қышқыл мұң келген.**



Сақтап қалған күннің бізге жарығын,  
Көкейімде көнермейтін бар ұғым.  
Бәрі менің ағаларым,  
бауырым,  
Қазақстан жігіттерін таныдым.

Ес білгелі естігенді көз көрді,  
Ұғымым да  
Түсінігім де өзгерді.  
Үнсіз тұрмыз тебіреніп көп адам,  
Көзден оқып көңілдегі сөздерді.

Үнсіз тұрмыз,  
Қиылғандай қыршын үн.  
Естіледі,  
Қанат қақса бір шыбын.  
Тас бейнені  
Жандандырып тұрғандай,  
Тамшы жасқа  
Жабысыпты кірпігім.

Мүсіндер тұр  
Таңғажайып манаурап,  
Жақындаймыз ілбіп қана, жаяулап.  
Терезеден мың-мың көздер телміріп,  
Поездар да өтіп жатыр баяулап.

**Қонағы емес,  
Тұрғынымын Мәскеудің.  
Кезі де өтті өзімізді жас деудің.  
Батырларға  
Отан үшін жан қиған,  
Білдім сырын биіктіктерді нәштеудің.**

**Бізге мұра аңыз-ерлік дастаны,  
Содан биік Дубосеково аспаны...  
Жезқазғанда 251-биіктік  
Бізді қазір бір көтеріп тастады.**

## ЭЛЕГИЯ

Түндіктер түрүлі түн еді,  
Жұлдыздар еңкейіп күледі.  
Оянып кетер деп ақырын,  
Шаңыраққа өздерін іледі.

Бір жұлдыз алыстау түнеді,  
Оң болғай деймін ғой тілегі.  
Мезгілсіз сөндірген мен емес,  
Ол неге жүректі тіледі.

## ЮРИЙ ГАГАРИНГЕ

Шулады. Ел дүрлікті «сүйіншілеп»,  
— Ғарышқа адам ұшты бірінші рет! —  
Сол бейне көзге оралып, есте қалды,  
Бесікте жас баладай күлімсіреп.

Күлкісі бар ғаламды шаттандырып,  
Жарқ етсе Отанымды мақтандырып.  
Мені де биіктетті жылы жүзі  
Қалғанда Байқоңырдан аттандырып.

Болмай ма адамдарда түрлі күлкі,  
Ал, оның күлкісі бір нұрлы күлкі.  
Ақ күлкі,  
нәрестенің дидарындай.

Балауса таза нәркес гүлдің үлпі.

Сайраса — Юрий — деп құстар бүгін,  
Балалар соған арнап ұстар гүлін.  
Ол солай жалғап кетті жұлдыздарға  
Жердегі адамдардың құштарлығын.

Кезім көп ұшқым келіп, алға өрлейтін,  
Сезім көп атын айтсам эн кернейтін.  
Ол кетті...  
Әлі ұшып бара жатыр...  
Сапарға бұл ғаламда мәңгі өлмейтін.

Жоқ еді менің жаным үрей күткен,  
Ойлашы оңай ма екен ренжіткен.  
Кей кезде жадырасам — жалған ұқпа,  
Дым сезбей күледі деп дүлейліктен.

Суысып жаның менен бөлінгенде,  
Тіршілік орын тосты төрінен де.  
Қуаныш ренішпен алмаспаса,  
Өмірге өлеңіммен көрінем бе?

Көптен-көп ауырлықты көрген едім  
Оңаша ойлап бәрін тебіренемін.  
Махаббат сойылымен соғып өткен  
Кей күндер еске түсіп сенделемін.



Толғандырып тойлы ауыл,  
Күрсінсем деме, қой, батыр.  
Жасымда батқан сын ауыр,  
Ішімде батпан ой жатыр.

Жауап берем осылай,  
Тетігі терең сұраққа.  
Жүр ғой білсең, досым-ай,  
Өмірім өңшең сынақта.

Күрсінгенім ұнаса,  
Оның да дерті кемейсін.  
Мән-жайымды сұраса,  
Сүйеді әлі, дегейсің.

## ҚЫРЫМ КӨПІРІНДЕГІ СЫР

«Москва слезам не верит»  
*Орыс мәтелі.*

Москвада,  
Қырым көпірі етегінде,  
Көп сыр бар,  
Баяу толқын тепеңінде.  
Шалғайдан көзім шалса  
Кете барам,  
Баяғы студент кез жетегінде.

Сәнді өзен  
Күрең мәрмәр жағасында,  
Келіппіз жан құпия жарасымға.  
Қыз күнің — қызыл гүлім көрінеді,  
Тербелген әсем гүлзар арасында.

Өзіңмен осынау жерге жиі бардым,  
Өмірдің аңсап күткен сыйын алдым.  
Бір ерлік тәуекелге бастап кетті,  
Мен сені алғашқы рет сүйіп алдым.

Тіршілік жұмақ ғұмыр жасай қалып,  
Бұл күнде Мәскеулік, боп масайрадық,  
Біз түгіл көпірдің де

**Кетті білем,  
Қисапсыз қуанышқа басы айналып.**

**Білдің ғой,  
Махаббатым емес арзан,  
Шын сүйсем,  
Мәңгі сүйер менде бар заң.  
Қыдырып балалармен келіп тұрмыз  
Көзіңнен неге түсті тамшы маржан.**

**Түсінем.  
Көңілің көктем аралайды,  
Ұялма.  
Емес қой ол нала қайғы.  
Сұртпеші кірпігінде қуаныш тұр,  
«Москва көз жасыңа қарамайды».**

## ДАЛА ЗАҢЫ

Тай жарыста  
Тұлпар эсте шаппайды.  
Жабылардан жеңіл жүлде қақпайды.  
Өзіндейден қалмауды ойлап, ойқтастап,  
Шын сайысқа жарау күйін сақтайды.

Мәсі тұяқ мәстектердің бәрі өтіп,  
Ел қиналса,  
Жүйрігінің зары өтіп.  
Бірақ сонау үлкен тойда қуанар,  
Жануары жат көзінше дара өтіп.

Қызыл құйрық бұлғынданып қашқанда,  
Күлкі қайда қуғын жетіп сасқанда.  
Тіл тартпайды  
Тіліп түсіп аспаннан,  
Әккі қыран балағына басқанда.

Дала заңы,  
Осынау істің бәрі де,  
Көз қанықты бала жастан кәніге.  
Тұлпарлар мен  
Сұңқарларға құмартып,  
Ауыл жаққа қарай берем әлі де.



**Домбырадан «Саржайлау» күйі төгілсе,  
Тамсанар көршім опера сүйгіш саф құлап.**

**Құрбылардың буындары балқысын,  
Ән салайық, қазақ жыры шалқысын  
Мәриям-ау, қазы-қарта асып қой,  
Астанада ауылдың исі аңқысын.**

## ЖУСАН ГҮЛ

Соғыс жылғы балалардың бірімін,  
Аяусыз тұрмыс,  
Танытқан талай ғылымын.  
Әкесіз өмір,  
диссертациясын қорғадым,  
Алдағы шептер алғанда оқтан тынымын.

Қорғай бердім,  
Қорғана бердім. Тірімін.  
Қайысса да,  
Майысқан жоқ жілігім.  
Жалғыз қалды-ау,  
деп көз жұмған солдаттың,  
Сөндірмей келем ең соңғы тартқан шылымын.

Тез есейдім,  
Көп болды ерте ұққаным,  
Дауыл жел жұлқып,  
Ығыстырса да ықпадым.  
Қара мұржа, қарасыны есен-сау,  
Түтіні түзу шаңырақты жықпадым.

Жайған жоқ өмір,  
алдыма даңғыл кілемін,

Жас едім анам айтқанда ақтық тілегің,  
Ащыда өстім,  
Гүл болсам — жусан гүлімін.  
Жусанды жер жұтамас деп білемін

Әрине, адам  
Жусанды төске тақпайды,  
Әсемдікке алуан гүлдер баптайды.  
Бірақ, сонау  
Даланың дәмін татқандар  
Жусанның исін  
Көкірегінде сақтайды.

Естілмес менің аспаннан жұлдыз алғаным,  
Не болмаса,  
Ғарышқа жалғыз барғаным.  
Аңсаймын тек,  
бір иіскеуге тұратын  
Жырыма сіңіп жусанның исі қалғанын.

Үміт, хауіп, уайым,  
Қайсыңды ғана қуайын.  
Мен өзімше қарсы алам,  
Әр мезгілдің күн-айын.

Жоқ емес шығар уайым,  
Шашымның көркі сыңайым.  
Теперіш деген көп еді,  
Қуанышқа да шыдайын.

Хауіп залым жау екен.  
Аңдаусызда сау етер.  
Үзілмес үміт күш берді,  
Тұлпарым болды тәуекел.

Жан емеспін тоқпейіл,  
Сені де, хауіп, сөкпейін.  
Сөреде мені қыспақтап,  
Мәреден бірақ өт кейін.

Үмітім сөнбес, үмітім,  
Сен менің ішкі үгітім.  
Үмітсіз күні туғанда  
Жоғалды дей бер жігітің.

## СТУДЕНТ БАЛА — ДИРЕКТОР

Бала едің сен,  
Мәскеуде оқып жүргенде,  
Сүйеу болдың көрші ауылдай іргемде.  
Шәйнегіңді салдырлата шабушы ең,  
Есігіңнен аттап басып кіргенде.

Бала едің сен,  
Жиырмаға жаңа беттеген,  
Ананның сүті аузыңнан әлі кеппеген.  
Ақ жарқын едің, сенгіш, нанғыш, бауырмал,  
Жоққа өкінбей,  
Азға мәз боп септеген.

Жоқ еді күндер  
Серілікті шектеген,  
Жоқ еді бізде,  
Ақшадан басқа жетпеген.  
Есінде ме, үстімізден бес жылдай  
Қара кепке,  
Қаракөк плащ кетпеген.

Тиынды шақтап,  
Түбіттей созып түтуші ек,  
Барында базар,

Таусылса бірдей бітуші ек.  
Кәстөм-шалбар  
Тым арзандап кетердей,  
Апрель сайын соңғы хабар күтуші ек.

Келуші ең маған  
Жүгіріп шауып кейде сен,  
Тоқтамаушы ең  
Ғашықтық жайлы сөйлесең.  
Алматыдағы сары қызды мақтаушы ең,  
Тыңдамадың алыс-ты, достым, қой десем.

Алысты сүймес  
Жақынды сүйе білмеген,  
Алыстың сырын біл деуші едім,  
Бір менен.  
Алыстағы махаббаттар әрқашан,  
Өкілтіп өртеп,  
Көкірегін кімнің тілмеген.

Біз мәскеулік қыздарды баптап күткенде,  
Кітаптан бас көтермедің құс пенде.  
Екеу-екеу,  
Ауылға есен аттандық,  
Сен кеттің жалқы,  
Бес жылғы оқу біткенде.

Көп айттым ба студенттік күй-жәйді.  
Көргенде сені  
Көкірекке бәрі сыймайды.  
Бүгінгі күннің бақытын солай бастап ек,  
Бұл күнде болдық семьялы, үй-жайлы.

Ақтардым-ау,  
Көңілде көп-көп деректі,  
Өткенді естен шығармау шіркін, керек-ті,  
Қайда жүрсең баяғы мінез қалмасын,  
Студент бала — бүгінгі дөкей директор.

Көктемде көрдім құстардың қайтып келгенін,  
Жиырма бесім еркелеп қалмай ергенін.  
Көгалға шығып гүлдерді күндей құшақтап,  
Есімнен кетпес ең ғажабын тергенім.

Тердім ғой, тердім  
Қыратта шымқай шынарды.  
Ойпатта ой-қай! Оңғардым жаным құмарды.  
Достарға бердім ең қызылын ең ағын,  
Орадым гүлге — сараң — деп, мені сынарды.

Көктемде неге көңілім сонша көлکیدі?  
Сергітті пай-пай! Селк еткен талдың серпіні.  
Қарашы, сәулем!  
Осы болып жүрмесін,  
Махаббат атты ғаламаттың төркіні.

Москва маңы табиғаттың данасы,  
Қызыққа көздің тоймауын бірақ,  
Қарашы!  
Жапырағын емендер төсеп тұрса да,  
Аңсатып кетті қымыз-жел қазақ даласы.

## МОСКВА-ӨЗЕН БОЯЫНДА

Москва — өзен канал мен,  
Таңданам мәрмәр кемерге.  
Әсершіл жаутаң жанармен,  
Іздеймін теңеу теңерге.

Көктемгі бітік егіндей  
Жағада көрдім көгалды.  
Кеуделеп орман шегінбей  
Көгал да жылдам жоғалды.

Өзен, тоғай есімде,  
Естелікке байыдым.  
Көрінді Есіл төсінде,  
Қыз құмар ескі қайығым.

Ауылым дерсің кей жерін,  
Көрінген сурет көрмеден.  
Ақ қайың тұр бейнелі,  
Сұлудай көптен көрмеген.

Шұбалтып толқын легін,  
Үдетті кеме қарқынды.  
Бірдеме ойлап күлемін,  
Бір демде бұзып қалпымды.

**Теңеулер қалды шашылып,  
Бұл жерге ұқсар санада.  
Бәрінен сәулет асырып,  
Жарқ етті Мәскеу жағада.**

**Қуанышқа қандым ба,  
Бір ойға бір ой жамалып  
Астана тұрды алдында  
Тұла бойы даналық.**

Ғашық көзде жан пида жылылық бар,  
Жігіт сол ғой — нәзіктік сырын ұққан.  
Биік болса махаббат — сен биіксің,  
Ұлағатты ұяда ұлылық бар.

Ол Қыз-Жібек, бізге сән Төлегендік,  
Еркелігі ләззатқа бөлегендік.  
Ана болу әкеліп берді ме екен,  
Әйелдерге сүйкімді көрегендік.

Әке болып түсінсем ана сырын,  
Менен бұрын оятты бала шырыл.  
Ата-анама табылды орынбасар,  
Ар-намысқа қорғаныш жанашырым.

Бала-шаға көрінсе көлеңкеменен,  
Орнығады жүрегім көп өртенген.  
Осылардың тілегі деп ойлаймын,  
Жайдың оғы жалтарса нелер төнген.



Қаймықпа, жоққа тоқталып,  
Әзілмен түйре, күйремен.  
Кетпесін тек от салып,  
Сорақы тіл сүйрелен.

Әзілді сүйсем балаша,  
Жан гүлдейді деп қара.  
Тіл жүйрігі тамаша,  
Зіл болмасын тек қана.

## ЕШТЕН КЕШ

Ей, бәйбіше!  
Кірді бүгін ес маған,  
Қыз күніңді кейде амалсыз еске алам.  
Тос деуші едің  
Метроның алдында,  
Сертке мәрт кез,  
Бұлжымаушы ем бес қадам.

Болжаулы жер,  
Қарсы алдында сағаттың.  
Жыл тоссам да,  
Жылжымауды жараттым.  
Қыстың күні.  
Бәтеңкешен студент.  
Жүрек ыстық. Бойға аяз тараттым.

Не амал бар махаббаттың күшіне,  
Әмірі өктем  
Тәжірибесіз кісіге.  
Енді мені кездесуге шақырсаң,  
Тұрам кіріп метроның ішіне.

## «БӘЙБІШЕ КҮЗ»

Жазды ұзартты  
Сары жайлау күз деген.  
Көркемін-ай,  
Көктем лебін үзбеген.  
Әсер сары  
Әсіре кербез әйелді  
Осы екен ғой бәлсіндіріп «қыз» деген.

Қалмасын, деп,  
Құт-береке шашылып,  
Егін-шөпті ел жинады асығып,  
Міз бақпайды  
Күз жарықтық жарқырап,  
Кей бикешше нақты жасын жасырып.

Болмасыншы,  
Дән теруге масылық.  
Қалмасыншы,  
Ағашта алма асылып.  
Кетпесінші,  
Өзен-көлден аққу-қаз,  
Туған жердің қимастығы басылып.

Пай-пай, шіркін!  
Күміс төккен күн қандай.

Үрлем жел жоқ,  
Ақ қайың тұр ырғалмай.  
Алтын шашы белден төмен төгіліп,  
Ақ сары қыз қыздырынып тұрғандай.

Қызық екен,  
Күздің сондай кей түрі.  
Халық айтса болмас сөздің бейпілі:  
Құрбылардай қырық жаста құлпырған,  
Осы екен ғой  
«Бәйбіше күз» дейтіні.

## УЫЗ ҚЫМЫЗ — УЫЗ ҚЫЗ

Келді ғой көктем,  
Келісті жасыл жайлауым.  
Қаз-қатар қонды,  
Өзенге тақау сайға ауыл.  
Масаңсып жүріп,  
Майсары қымыз жұтамыз,  
Асыға күтіп алғашқы бие байлауын.

Көктемнің келді,  
Жадыра, менің жаным-ай.  
Оралды құстар,  
Ойлама, жүр деп танымай.  
Қарай берді-ау бие сауған келіншек,  
Екі беті сап-сары тоқаш, сары май.

Шақырса көктем  
Шаттықты қалай шақтайын,  
Өзіңнен басқа сырымды кімге қаттайын.  
Ұялмай кел де уыз қымыз құйып бер,  
Бетіңнен тамған уыздай дәмін сақтайын.

Бал гүл едің  
Құлыншақ кезде көргенде,  
Қалдық қой, шіркін, ұрыншақ едік деуден де

**Көктемдей көркем болыпсың тәуір келіншек,  
Үзілген үміт тіріліп кетті кеудемде.**

**Жанарыңның қара мойыл түсінен,  
Таныдым сені,  
Қисапсыз мол гүл ішінен.  
Уыз қыз едің уыз қымыз сияқты,  
Келіншек — саумал кейпіңді үнсіз түсінем.**

## АБАЙҒА

Махаббат пен бостандықтың құдайы,  
Жан дәнекер жәрдемшімсің ұдайы.  
Арманымды ұлғайтқанның бірісің,  
Жақсы жырдың жарқыл қағып күн-айы.

Әліппемсің, әдебиет, емлем,  
Мен де біраз із жалғауға келіп ем.  
Шын құдайдың жоқтығына сенсем де,  
Жыр құдайы атап өтем сені мен.

## ӨЗІНДІ, СӘУЛЕМ, САҒЫНДЫМ

(Әні бар)

Өзгеден өзге,  
Оралып көзге,  
Табылдың.  
Оқалы құндыз,  
Омырауға жұлдыз,  
Қалқадан алқа тағындым.  
Көре алмай көптен,  
Көркінді көркем,  
Өзінді, еркем,  
Сағындым.

Ән келіп сонда,  
Домбыра қолда,  
Ағылдым.  
Назды күй шалқып,  
Наздана қалқып,  
Ләззатқа зауат табындым.  
Еркелі дәурен,  
Елестеп әурен,  
Өзінді, сәулем,  
Сағындым.

Аңсатып босқа,  
Демеспін досқа,

**Жаңылдым.  
Керексіп қақсап,  
Өзгені аңсап,  
Келмейді босқа сабылғым.  
Ақ марал, марқа,  
Ақ бидай, арпа,  
Өзінді, қалқа,  
Сағындым.**



Тәлімі мол танытқан,  
Өмірден тердім сөз гүлін.  
Жақсылығым халықтан,  
Қателігім — өз мінім.

Мұхиттың шалқар өріндей,  
Көкіректе толқын сыймайды.  
Жат көзіне көрінбей,  
Бүйірден соғып қинайды.

Емес қой өшпес мұңым көп,  
Бар тірлігім — ел қамы.  
О, туған жер! Ұлым деп,  
Ұмытпай жүрсең болғаны.

## БӘЙГЕ ШАРТЫ

Жүйткіп өтсем жүйріктей  
Шауып қана,  
Қыр басына жеткенде тауып қара.  
Оза тартсам қызғанба,  
Ішің күйсе,  
Тасқараңғы көзіңді жауып қара.

Көп жүріппін  
Өзгеге жолды беріп,  
Бір жетуге сенімім болды берік.  
Нар тәуекел!  
Маған да озу деген,  
Әуел бастан ет қызу қонды жерік.

О, бәйгешіл, намыскер қазағым-ай,  
Қарай қалған қайда деп азабың-ай.  
Жан құрышын қандырсам жарар еді,  
Жансыз сөзбен жыр төгіп маза қылмай.

Жүйткіп өтпей қайтейін  
Шауып қана,  
Жер ортадан барамын ауып қана.  
Сағынайдың асына бармасам да,  
Жіті көзбен қараймын  
Қауыпқа да.

Достым, Муза!  
Жіберші сен де жебеп,  
Топтан шықтым,  
Жеткем жоқ белдемелеп.  
Тап өзіндей түсінер тынысымды,  
Таразыда ақ жүрек пенде керек.

Қызық, шіркін!  
Тірлікте бәйге салты,  
Керек емес үштен бір,  
Әлде жарты.  
Озарыңды білмесең үйінде қал,  
Бәрі осының ежелгі бәйге шарты.

## ЕГІЗ ШУМАҚ

Махаббат жайлы мен білген,  
Гибрат алар дәріс бар.  
Мен ренжіп, сен күлген  
Күндерде үнсіз жарыс бар.

Жақсы күнде кең жүрген.  
Ақыл, сезім, намыс бар.  
Сен ренжіп, мен күлген  
Күндерде көп, көп мәніс бар.

## САҒЫНБА

Беймаза болма, сағынба,  
Сары уайымға салынба.  
Өкініш дерті жанған от,  
Шарпылып кетпе жалынға.

Күйзелген күңгірт шағында,  
Күңіреніп, бекер сағынба,  
Түспесін көзің тұңғық  
Көңілде мұңлы ағынға.

Қуаныш келген уағында,  
Құлпыра бер, сағынба.  
Бұлғақтап жүр деп ойлайын,  
Бұлбұл құс шаттық бағында.

Десем де қанша сағынба,  
Бәрі де жетер бабында.  
Тамшы жас іркіп шығарар,  
Ақырғы кірпік қағымда.

Жер бетінде бар нәсіп,  
Жол түседі татуға.  
Ғасырға ғасыр жалғасып,  
Көпір болып жатуға.

Талай көпір салынар,  
Өзендерде, өткелде.  
Елге ел де табынар,  
Салауат айтып өткенге.

Жылынар салқын Сібір де,  
Жуасыр-ау мұхиттар.  
Болашақтан түңілме,  
Әлем әлі тыныш ұйықтар.

Жеңемін деп лепірген  
Дұшпан көрген біз едік.  
Жау қиратқан көпірлер,  
Қираса да — түзедік.

Болса тілек өтімі,  
Бүтінін жөн байқаған.  
Сынған жүрек көпірі  
Салынбайды қайтадан.

## ҚЫҒАНЫШ

Ашылды тұман селдіреп,  
Кең жазықты тар қылған.  
Құралай көздер мөлдіреп,  
Ақ марал өтті алдымнан.

Салады жүрек салтына,  
Алыстай түсіп, алыстай.  
Қарайлайды артына,  
Қимас дос, ескі таныстай.

Тез өзгерді бұл кезек,  
Кездесу мен қоштасу.  
Құмардан шықтым бір мезет,  
Көз алдымда көшті асу.

Өзімді өзім басқармай,  
Елтісем жырға малшынып.  
Қарайды жонға жасқанбай,  
Бүршігін жарған тал шыбық.

— О, балауса тіршілік,  
Көзіңді ал деймін сәулемнен.  
Бір кіріп жаным, бір шығып,  
Нәр алдым нәзік дәуреннен.

**Ойыңмен ғана мөлшерле,  
Тимей ме оқыс көз деген.  
Көрмеген бол, көрсең де,  
Сезсең де, бол сезбеген.**

**Ақ маралды сынама,  
Өтсе де өшпес із қалып.  
Менен де жөнін сұрама,  
Сенен де тұрмын қызғанып.**

## ЖАҢБЫР

Ей, жаңбыр!  
Нөсер әкел жаусаң маған,  
Қисапсыз молшылықты аңсайды адам.  
Даланы құштарлана ұзақ сүйші,  
Ғашықтай жан іңкәрін тауса алмаған.

Шақырып аруағын күркіреген,  
Болмай ма күннен ұят сіркіреген.  
Арудай сағыныштан арылсайшы,  
Жүрегін армансыз бір сілкілеген.

Болады жер бетінде сыйың өктем,  
Жарылқап ағыл-тегіл құйып өтсең.  
Сұлудай бар ләззәтін тіліне орап  
Қымсынбай жұрт көзінше сүйіп өткен.

Соңғы мода кигенің,  
Әуреге мені салмайды.  
Әдейлеп келіп сүйгенің,  
Жүректің отын жалғайды.

Қысқа шашың сәнді емес,  
Қос бұрымнан бұрынғы.  
Көзде қалды мәңгі елес,  
Көркейткен талай жырымды.

Отырмын бәрін ойланып,  
Тәтті қиял тергендей.  
Ақ қайшыны қолға алып,  
Қызыма қиып бергендей.

Қайда деме сол күнім,  
Шаруам қанша шашыңда.  
Менің де дудар толқыным,  
Ұлымның жүр ғой басында.

Жалғанса солай түндігім,  
Сөз емес селдір шаш сыны.

**Балалар киіп жүр бүгін,  
Осы үйде бар жақсыны.**

**Күлерміз біз де сымбатын,  
Баладан бала сүйгенде.  
Әкесінің қымбатын  
Немерем тартып кигенде.**



Жаным — жалау. Желкілдейді,  
Сен десем,  
Жүрегімді ашып көрші сенбесең.  
Тірі жанға сездірмеген құпия  
Шертілмейді..  
Алдыма бір келмесең.

Уақытым жоқ серпілмеген  
Сен десем,  
Мен өзіңсіз тіршілікке көнбес ем.  
Жер мен көкке сыймай кете жаздаймын,  
Мөлтілдеген  
Қос жанарды көрмесем.

## ҚАРСАҚПАЙ

Қазақтың қара қазан Қарсақпайы,  
Есімін ән сақтайды, жыр сақтайды.  
Кең өңеш, биік мұржа боз будағы  
Арқаның аспанында алшақтайды.

Мыс қайнар еркін еңбек тұмарындай,  
Ембі мен Қарағанды сыңарындай.  
Жезқазған жеткіншегі жігі жалғас,  
Қыз Балқаш жастай ғашық құмарындай.

Ақындар алды талай кейіпкерді  
Жыр теңіз жез-кенімен еріп келді.  
Мыс кеуде, қара мұрын конверторшы  
Құдайдай от сапырған көріктенді.

Паш етіп ағасына сәйкестігін,  
Дәлелдеп мәңгі үзілмес дәмдестігін.  
Баяғы жалғыз гудок жаңғырығып,  
Жезқазған дүбірлетті оркестрін.

Берсең де жеткіншекке көсем жолды,  
Қарт қазан қазынаңа есем толды.  
Ұлым-ау! Сенен біреу жөн сұраса,  
Қазақпын қарсақпайлық десең болды.



Алдымда жатқан ақ қағаз,  
Тазасың аппақ арымдай.  
Тағдырым сенде, сақта наз,  
Айнымас ғашық жарымдай.

Тілдесе алмай кей күндер,  
Ұзасаң бұлдыр сағымдай,  
Қалардай көрем кей гүлдер,  
Мезгілі өтіп, табылмай.

Өзіңе бердім барымды,  
Шарықтап ұшсын қолдағым.  
Ұйқыдан сақта жанымды,  
Үзілмесін жолдағы үн.

## «ҮШ ҚАТЫН»

«Үш қатын» Жайремдегі жердің аты,  
Хабарсыз қай заманнан белгі заты.  
Әр сақта аңыз айтқан ақсақалдар,  
Жорамал жөн іздеуге берді хақы.

Болды ма бір бабамның үш қатыны,  
Өнері елге мирас үш татуы.  
Зарлады-ау үш домбыра, отыз саусак,  
Күйігін күйге жалғап қысқа тілі.

Тұжырым мейлі бекем байламаймын,  
Қиялды бірақ неге қайрамаймын.  
Сазды әуен елікпелі ел жаттаған,  
Қалды ма күйлерінде Дайрабайдың.

Елде көп басқа әңгіме ұста тілі,  
Ұстаға ұстатпайтын қысқа тіні.  
Бір күнде үш арудан айрылды ма,  
Қазақтың қырау қабақ үш батыры.

Тағдырдың ел кездесіп ермегіне,  
Басым жау қанды қылыш сермеді ме?  
Кеселден құтылам деп барымтаға,  
Япырмау, үш келіншек бергені ме?

Үш сұлу қайғы-қасірет шекті ме екен,  
Көз жасы Сарысу боп кетті ме екен.  
Батырлар апаларын арашалап,  
Сүйегі елге есен жетті ме екен?

Білмеймін әлде аңыз сақтады ма?  
Үш ұя, үш анасын таппады ма?  
Жүргенде елді ойлап жидек теріп,  
Құландар үш әйелді таптады ма?

Тарихқа үш оралып, үш шегінсек,  
Аңызға ақын сенгіш құс көңілшек.  
Түзкөлдің тұнығына кеткендей бар,  
Жауға күң болмаймыз деп үш келіншек.

Тереңде олар мәңгі тынықты ма,  
Кез болып кен оралған қиықтыға.  
Көмкеріп алтын, күміс аруларды  
Қорғасын, мырыш, қоршап бұйықты ма?

Қазіргі Жайремдегі бас мамандар,  
Сендерге талай сырын тас тәмәмдар.  
Шахта ашып карьерді кеңейткенде,  
Үш ана атын сызып тастамаңдар.

## ҰЛАРЫМ

(Әні бар)

Ұлар құс Ұлытаудағы,  
Өзіңнен, сәулем, аумады.  
Қабағын серпіп,  
Қанатын желпіп,  
Жанымды неге баурады.

Айналам түрлі гүл екен,  
Гүл терген жерді жыр етем.  
Адасып қалған,  
Арайлы арман,  
Құс болып іздеп жүр екен.

Көңілде көркем елеңге,  
Көндігіп мен де келем бе?  
Иланып едім,  
Қиналып едім,  
Махаббат жалған дегенге.

Қайдасың, қайда, ұларым?  
Тарқатшы көңіл мұнарын.  
Еркелеп келші,  
Еліктеп ерші,  
Жер-көкте жалғыз құмарым.

## ҚАЛАЙ ҒАНА ҰЙЫҚТАЙЫН

Теңіз жатыр толғанып, дүбірлетіп,  
Басылмайды кешқұрым іңірлетіп.  
Қалай ғана ұйықтайын,  
Айтсаңдаршы,  
Барады ғой толқынды ғұмыр өтіп.

Түнгі теңіз тамаша, жарқыраған,  
Сырын сезбес меңіреу салқын адам.  
Ай сәулесі айдында  
Ақ сұлудай,  
Жалғыз жатып төсекте қалтыраған.

Теңіз тынса, құлақтан шуыл кетіп,  
Жыр оятар  
Жүрекке сыбыр жетіп.  
Қалай ғана ұйықтайын,  
Айтсаңдаршы,  
Барады ғой сыбырлы ғұмыр өтіп.

Таң сәріде үн жетті құлағыма,  
Ай аттанды аспанда тұрағына.  
Қалай ғана ұйықтайын,  
Айтсаңдаршы,  
Дүбірлі өмір салды ғой сынағына.

## **ЖАСҚАНЫП ЖҮРМІН БАРУҒА**

(Мұса Асайыновқа)

**Қапылыс сөзге**

**Болар ма кәміл налуға,**

**Қапылыс сөзге болар ма жеңіл нануға?**

**Көкшетауда жоқ дейді кербез бауырым,**

**Ауыл жаққа қиналып жүрмін баруға.**

**Сүйенгендей**

**Қолдағы берік қаруға,**

**Іздеуші ем аңсап, ағалап, ақыл алуға.**

**Сексен көлде жоқ дейді сері бауырым,**

**Ауыл жаққа сескеніп жүрмін баруға.**

**Жан еді дархан,**

**Жаралған жыр боп жануға,**

**Ата дәстүр асылын сақтап қалуға.**

**Жалғызтауда жоқ дейді жалғыз бауырым,**

**Ауыл жаққа**

**Жасқанып жүрмін баруға.**

## МҮСІН КӨРІП ТҰРСАМ ДА

Кең музейде тұрсам да,  
Мүсін көріп.  
Сен келесің алдыма мүсінделіп.  
Батып кетем тұңғық тереңіне.  
Мәрмәр тастың қамыққан түсін көріп.

Келбетіңді дәлме-дәл оймағанда,  
Мүсіншіні қоспас ем ойлы адамға.  
Ұқсар едім мырза той дастарханда,  
Өзім тойып, екі көз тоймағанға.

Сондай да бір елестер өріледі.  
Ақ мүсіннен көңілім бөлінеді.  
Алаңдаймын алдымда сен тұрғандай,  
Сымбат сыры мүлтіксіз көрінеді.

Көкірегіме кетеді үміт толып,  
Ескі өкініш, қапа-наз ұмыт болып.  
Ішкен емес,  
Көргенге масаң тартып,  
Шошып кетем маңымды суыт шолып.

Ойсыратар ой келер алқынғанда,  
Теңіз қайтер өзендер тартылғанда.  
Үнсіз ғана ойлаймын не болам деп,  
Сағынышым өзіңе сарқылғанда.

## КЕР БИЕ

Сүйінбайдың Тоғызбай немересі,  
«Әу» деуге әл үстінде келер есі.  
Жүзге келген ақсақал тіл қатады,  
Сусын берсе қасында шөбересі.

Қимай жатыр сәулелі ғажап танды,  
Өткен өмір, ұзақ көш сарапталды.  
Бала-бота атасын аяласа,  
Шөбереге шөккен нар қарап қалды.

Бәйгелерде «шаппай бер» ел киесі,  
Тоқаң шалдың бар еді кер биесі.  
«Серке тартса», «қыз қуса» ұшқыр еді,  
Осы бала болады енді иесі.

Қарт тебіренді аңсатпас құмар нені,  
Дүние — түлкі. Қайыра қуар ма еді.  
Есеңгіреп жатқанда есі кіріп,  
— Кер биені ер салып шығар деді.

Қолымен де нұсқады ескертпелі,  
Уа, тіршілік, тынысын екшеп пе еді.  
Кісінеген даусын естіді ме,  
— Терезеден, қарағым, көрсет,— деді.

## СЫРЫМБЕТКЕ

Сырымбет тауым!  
Таусылмас саған сырым көп.  
Анамдай менің  
Тұрасың жылы күлімдеп.  
Әнекей, ауыл!  
Мінекей, біздің ескі үй!  
Ақ қайың қайда,  
Балын сорған құлын боп.

Құлаты жартас,  
Сүңгіме көлдер, көк шалғын.  
Тебірентіп кетті,  
Келмейді тілге шек салғым.  
Тұғыры берік сырықтай сұлу тұлғанды,  
Шоқанға қойған ескерткіш сол ма деп қалдым.

Жасыл орман,  
Жасаса желден жайқалым,  
Табиғат пішкен  
Ғажайып сурет байқадым.  
Ат үстінде көріндің Ақан серідей,  
Құлагердей құлшынды төскей алқабың.

Тойласа көлде  
Аққу мен қаздар шат күнін,

Тоғайда сайрап тотылар төкті тәтті үнін.  
Жағтадым мен де  
Жер мен көк айтып жатқанда,  
Махаббат әні Үкілі Ыбырай «Гәккүйн».

Жұмағын көрдім  
Сұлулық деген тұнықтың,  
Дәмесін еттім,  
Құмарта беріп шынықтым.  
Сен шаңырақ,  
Мен ұмтылып қол созған,  
Керегеңе байланып қалған уықпын.

Бабаларға қиялдай ғайып ертегі,  
Бүгінгі күнің жаңартты бүкіл өлкені.  
Ақ бидайды маңдайдан сипап,  
кұшақтап,

Барады заулап,  
Сарыарқа сансыз желкені,

Сол бір дүбір  
Жасымнан жүрек кернеді.  
Алдымда жүрді,  
Ағалар — еңбек ерлері.  
Бораздалар қатарлай түскен боз қыртыс,  
Домбыра болып көрінді жиі пернелі.

Сырымбет, сенің алдыңда жатқан айдынға,  
Кетіпті батып,  
Соғыстан қалған қайғым да.  
Содан да болар,  
Көктегі күнің көркемдеу,  
Нұры өзгеше өзіміз ғашық айдың да.

Бозбалалардай,  
Қыз аңдыған тасадан,  
Тасына шыққан шыршалар да қашаған.  
Көк сиса терек,  
Қарағай-қайың аралас,  
Жұпарын жұтса,  
Болмай ма мәңгі жас адам.

Тіршілікте әр сөзін ұран санаған,  
Ұстаздар қайда,  
Аумаған ата-анадан.  
Келілеп емес,  
Елілеп бізге тең бөлген,  
Кетер ме естен интернат берген қара нан.

Ақ күлше емес,  
Кебегі көптеу қара нан,  
Үзімі қайда,  
Қиқымын ырыс санаған;



**Тасыған өзен сарқырап аққан шуындай  
Сол кештің қалды  
Қарқыны бойда суынбай.  
Тағдырыма ортақсың сен де, Сырымбет,  
Мен туған жердің желбіреп тұрған туындай.**

## ӨМІРДІҢ ЖАРТЫ БӨЛШЕГІ

Інінің үйі іркілтер,  
Ізетке күзет келін бар.  
Ағаның үйі серпілтер,  
Жеңеше деген себің бар.

Қайны атаң үйі қыл көпір.  
Қайны енең көзі қылыштай.  
Жымып, жылы күл де тұр,  
Жылтыры қайтпас ыдыстай.

Балдыздың шәйі балдай бар.  
Бажаның үйі базарың.  
Шаттыққа шаттық жалғай бер,  
Қайтады шеккен азабың.

Әрдайым ашық вокзалы,  
Перронда күтер туыстай.  
Құрдастың үйі абзалы,

Кіресің бейқам, жатсынбай,  
Пейіштен артық тыныстай.  
Жүресің жайлау көз үйір.  
Жиғаныңның жартысындай,  
Досыңның үйі — өз үйің.

Қуаныш толы күлкінің,  
Болмайды ешбір өлшемі.  
Досыңмен өткен бір күнің  
Өміріңнің жарты бөлшегі.

## БАЛҚАШ КӨЛГЕ

Балқаш көлде  
Бар екенін байқадым,  
Аққу-бейне балқыған.  
Шын құмартып,  
Басты талай шайқадым,  
Ақын қайтпай шартынан.

Көл көрінді  
Ұзатылған қызындай.  
Алатаудың Арқаға.  
Су періште  
Салтанаты бұзылмай,  
Сауығына тарта ма?!

Аққу күспен  
Ән салыстым айдында,  
Жан құмарын қандырып.  
Деді ғой ол:  
— Мен қалайын қайғыда,  
Сен кете бер таң қылып.

— Жағалауға  
Қонып қана кетіңіз,  
Дос едік қой зиятты,—

Деп жеті өзен,  
Жетісулық жеті қыз,  
Іздеп жеткен сияқты.

Іле келді,  
Күле келді ақтамақ,  
Көл шетіне сән кірді.  
Сылқым, сиқыр  
Не күнәға бастамақ,  
Не мәніспен мәңгірді.

Шу шолпысын,  
Серпе тастап қадалды.  
Қос қарақат талардай.  
Сескендірді  
Өзге жаутаң жанарды,  
Тартып қана алардай.

Қараталы  
Қара торы қыз кескін.  
— Жаным,— деп те байқады.  
Сыбырластым,  
Сыр тыңдастым, жүздестім,  
Қапа-шерін айтады.

Ілепсісі өзен  
Бір ептісі болар ма,

Оймақ көзін қысады.  
Мені арбап  
аққуымнан тонар ма,  
Естіледі құс әні.

Сарқаны ма,  
Ең ғажайып дарханы,  
Сағынышты өңі де.  
Жеңін сипап,  
Қағып қойды арқаны,  
Әкетем деп жөніне.

Көксу жетті  
Көгершін көз масылым.  
Мені құрдас көре ме.  
Қамыс жаққа шақырады  
Жасырын,  
Сырласқысы келе ме.

Тентек келді,  
Жентек ерні елпілдеп,  
Бота көздер бусанды.  
Бара жатыр  
Баяғыдай еркіндеп,  
Жүрегіме у салды.

— О, жеті өзен!  
Жетісулық жеті қыз.  
Менде қандай ойың бар  
Салқын тартып  
Қалмаса да етіміз,  
Әурелемей, қойыңдар,—

Дедім- дағы,  
Қол сілтеуге асықтым.  
Аң-таң қалды сал қыздар,  
Жетеу емес,  
Жеке қызға ғашықпын,  
Мені сүйген жалғыз бар.



Қату кезде,  
Сен мені аямаған,  
Кім болады дүниеде сая маған?  
Сонда отырам анамды есіме алып,  
Аздау ұрсып, көбірек аялаған.

Біздің үйдің көбейіп құтты күні,  
Араз, деген, жоқ болса жұрттың үні,  
Шытынаған шыны-аяқ шыр бұзбаса,  
Сол деп білем іргемнің мықтылығы.

Қату кезде,  
демеймін «жазығым жоқ»,  
Тек тезірек жадыра жазғы күн боп.  
Сөйлеп, сөйлеп, шаршасаң,  
Қасыма кел,  
Сенен артық бәрібір қазығым жоқ.

## **КҮЙ АТАСЫ, АРМЫСЫҢ!**

**Заулашы, шабыт!  
Көңілдің зауқын құп алып,  
Заулашы шабыт!  
Көңілде жыр тұр сұранып.  
Бір бүйрегім бұрып тұр сонда, бұрып тұр,  
Көз алдымда — композитор Жұбанов.**

**Ахмет — аға!  
Қашаннан саған ғашықпын,  
Сырымды айтар сәт түсіп, міне, асықтым.  
Жанған жүрек жалыны қайтпай тұрғанда,  
Келеді нөсер күй толқын жырлар тасытқым.**

**Келеді заңғар бұлт төсінде самғағым,  
Көрмекпін айқын өзен, көлдер тармағын.  
Иіліп түсіп,  
Сүйсініп қолға алғаным,  
Аққу күс болса, өзіңе ғана арнадым.**

**Шарықтап шалқар,  
Теңізді келсе шарлағым,  
Тереңдерде таңсығын тапса қармағым,  
«Алтын балық» түсе қалса қайраңдап,  
Дәмесін етпей, өзіңе ғана арнадым.**

Естілсе менің  
Мұхитта тасқын жарғаным,  
Тұңғиыққа нар тәуекел барғаным,  
Маржаны болса алақанға салғаным,  
Тұған елдің атынан саған арнадым.

Өзім де кейде  
Ән қанатын жалғадым,  
Сүйемін сиқыр үзілме үннің тамғанын.  
Нұсқалы сөзді,  
Үшқалы тұрған әнге орап,  
Ақындардың атынан келді арнағым.

Құлама жартас,  
Тау беткейді барладым.  
Кен бұйыққан тастардың сездім салмағын.  
Асыл таза,  
Ақ алмас, лағыл-гауһарын  
Кеншілердің атынан саған арнадым.

Жәй фәни емес,  
Асфани сұлу жан-жағым,  
Ғарышқа жетсе жұлдыздар қоршап саңлағың,  
Шырағы сөнбес шырайлысын өзіңе  
Сұңқарлардың атынан, аға, арнадым.

Тірлікке тетік,  
Жыр сөресін таңдадым.  
Мінезім мәрттеу,  
Жарысқаннан қалмадым.  
Бәйгемді сонда дүнием етпей өзіме,  
Тұлпарлардың атынан саған арнадым.

Шырт ұйқыда  
Кірдің бүгін түсіме.  
Күй сыйладың мәскеулік пәтер ішіне:  
Өңімде бір кездеспеген жан едің,  
Қайран қалдым зор ілтифат ісіңе.

Шошып та кеттім,  
Маңдайдан шыпшып қара тер.  
Ей, қорқыныш!  
Үрейді алмай, қала бер.  
Ақындықтың өргелең ұзақ жолында,  
Бір сілкінсін ерттеулі тұрған қарагер.

Қырықтан астым,  
Жас емеспін бала дер,  
Күй атасы, өткенді еске сала кел.  
Содан кейін құйғындатар түйғындай,  
Шабытым менің,  
Шалғайдан соққан дала жел.

Тыңдаған адам іздегенін табатын,  
Көңілі өсіп, жан мейірі қанатын.  
Шолпаным болып туар ма еді,  
Сәтті өлең,  
Жарқ етер ме еді жұлдызым жанған сағатым

Не де болса,  
Сезімге сәуле жауса екен,  
Күйлеріңнің аруағы маған ауса екен.  
Жырымды жалғап симфония естіліп,  
Қалт етіп қарап,  
Ала қалсын тау секем.

Домбырамның құлағын берші бір бұрап,  
Шешімін тапсын,  
Көкіректегі мың сұрақ.  
Көзін ашсын,  
Көсілмей жатқан жыр бұлақ,  
Көңілденсін,  
Қос шектен дыбыс сыңғырлап.

Қарсы алдыма  
Қарлығаш құс қонады,  
Сол деуші едім сәтті жырдың қонағы.  
Кеудесінде көрінеді көп сызық,  
Өзің жазған ноталардың жолағы.

Елестедің опера тартып,  
Күй құрап,  
Елігіп кеттім,  
Сай-сүйегім сырқырап.  
Увертюраң үміт жалғап құлшынты,  
Бұйра шашың көшпелі бұлттай бұрқырап.

Қайрасаң, қайра,  
Жүректің орақ-шалғысын,  
Тірі екенсің, о, нар кісім,  
Бар кісім!  
Сәлемдеспей жүре берем қашанғы,  
Ахмет аға, армысың,  
Күй атасы, бармысың!

\* \* \*

Ойым жоқ әлде қалай барға көнбек,  
Менің бар өз биігім алда көрмек.  
Ғажайып арманым бар,  
Болашақпен  
Лүпілін жүрегімнің жалғап өлмек.

Сұлулыққа отырам шәк қоя алмай,  
Ақ қояндай екенсің,  
Ақ қояндай.  
Көріп қана құмарту ол да қызық,  
Өлең жазсам ұйықтай бер,  
Жатшы оянбай.

Мейірімді болғанға кең жүресің,  
Естен шығып кетеді кей бір есім.  
Көктем гүлі сияқты құлпырасың,  
Бақытымның барына сендіресің.

Балын татсам ерніңнің шетіндегі, \*  
Басылмады көңілдің шетілгені.  
Кер маралдың ақ құймақ теңбіліндей,  
Ізді көрем сүйгенде бетіндегі.

Сол тамаша алаулы іреңінде,  
Жан ұшқыны қалғанын білемін де.  
Сенің аппақ арыңның айғағындай,  
Суымайды бір жылу жүрегімде.

## МОСКВАДАН РЕПОРТАЖ

Әйелдер жылына арнадым

13 октябрь,  
Ашық аспан.  
Күн құлпырып, жер-ана мауқын басқан.  
Қызыл, сары жапырақ  
Жарқ-жүрқ етіп,  
Ағаш басы қазақша шашу шашқан.

Қыздар... қыздар...  
Қыз толы көше, алаң,  
Желе жортып, қалай тез өте салам.  
Тап осылай қыздар бас қосты ма екен,  
Матриархат өткелі неше заман.

Қыздар... қыздар...  
Қыз керуен қызыл алаң,  
Келбеттерін көңілге сызып алам.  
Ақын деген әсірешіл, әсершіл ғой.  
Қызыққыш та,  
Қыз ұққыш қызық адам.

Есің кетіп еріксіз күлгендейсің,  
Қыз-аралды қызықтап жүргендейсің.  
Қара сұлу...

Ақ сұлу... менді, меңсіз...  
Бірін көрсең, екеуін үлгермейсің.

Бар әлемнің қыздары жиналғанын,  
Көріп тұрмын,  
Осы да иланғаным.  
1975 білем жылдың  
Әйелдерге арнайы сыйланғанын.

Қыз жүректер — қарлығаш,  
Жалғасып жүр,  
Болашақтың бақытын барласып жүр.  
Өмірдегі күнгей мен көлеңкелер,  
Көңілдегі сыр болып алмасып жүр.

Америка...  
Африка... қыз ғажабын,  
Талай көрген — десек те — біз қазағың,  
Ес білгелі ешқашан естімеп ем,  
«Құс базары» емес-ау «қыз базарын».

Күлімдейді, энекей,  
Жүзім дидар,  
Көкірегінде көлкіген қызық күй бар.  
Көктемгі жел сияқты,  
Жеңіл сипап,

Жүрек шетін жұмсартып,  
Үзіп қинар.

Тостаған көз,  
Әне бір жазық маңдай,  
Тоймас көзге той жасар наз ұққандай.  
Тостаған көз,  
Қарашы ақырғы рет,  
Мені салар азапқа жазық қандай.

Дәмеленсем жан дәру дидарыңа,  
Көндігермін,  
Көп күндер қинарыңа.  
Ойға батсам оңаша сен себепкер,  
Өлеңімнен өрнектер сыйларыма.

Жібермесем жарқ етпе сөзге жарыс,  
Сұлулықта бар талай өзге мәніс.  
Көрдім сонда Анджела Дэвисті де,  
Түбіт шаштың толқыны көзге таныс.

Тағы бір қыз  
Байсалды батыл жандай,  
Тілдеседі тік қарап жатырқанбай,  
Ол күлгенде жер жүзі бірге күліп,  
Вьетнамды бір көр деп шақырғандай.

Ризамын, қарындас, тағатыңа,  
Кімді алмады қара көз қанатына.  
— Мен де жеттім жеңіске! — дегендей ол,  
Кремльдің қарайды сағатына.

Ажар қандай,  
Ақжарқын.  
Ақыл қандай,  
Бір көргенді біржола шақырғандай.  
Келбетіне көлеңке түспейді екен,  
Күннің өзі бал-шәрбат татынғандай.

Көрдім, эне,  
Тоты көз балғын нұры,  
Төгілмелі күміс шаш талдың гүлі.  
Keң өткелден  
Кер марал тез өткендей.  
Жан ұшырым сәт екен,  
Қалдым тірі.

Сипаттауға сұлуды барды салсақ,  
Бөтен ойға бұрмадым.  
Жанды жаңсақ.  
Білем, міне, барады Чили қызы,  
Зарлы еліне бостандық  
Таңды аңсап.

Кімді даттап,  
Шығарар кімді есінен,  
Бара жатыр  
Сырласып үндесімен.  
Абақтының азабын көрген ару  
Пиночеттің шығыпты түрмесінен.

Тағдырына сол қыздың таңқаламын,  
Жорық күтіп тұрғандай қамданамын.  
Құрметпенен қараймын қайта-қайта,  
Қызы ма деп Луис Корваланның.

Көрдім солай,  
Көптен-көп сұлу жанды,  
Содан болар өз жаным сұлуланды.  
Мен ұққанды олар да ұғатындай,  
Жүрегімде армандас жылу қалды.

Терешкова, энекей!  
Ғарыш қызы,  
Галактика ұмытпас таныс жүзі.  
Аулымның аспанын әсемдеген,  
Сұңқар қыздың сызылып қалыпты ізі.

Сұқтанбаушы ем,  
Мен оған көз тиердей,

Бүгін көрдім сипаттар сөз тиердей,  
Өңі жұқа,  
Аққұба әйел екен,  
Нәзік бейне,  
Жан ұйып көз сүйердей.

Корреспондент сияқты  
Қағаз қолда,  
Оңды-солды қыздарды шолып жолда;  
Тақап барып мен де алдым интервью,  
Байқоңырлық жігітке қадалды ол да.

Жезқазғаннан келдім деп қайталадым,  
Не болғанын ар жағы байқамадым.  
Мені сүйді..  
Мен-дағы сүйдім білем..  
Қыз-періште көрдім деп айта аламын.

Байқамадым,  
Ар жағын байқамадым,  
Қуаныштан әйтеуір жайқаламын.  
Қара қыздар... Ақ қыздар..  
Меңді, меңсіз..  
Сүйіп жатты,  
басымды шайқамадым.

**Болмады ғой сол күні менде тыным,  
Тегістелді, дүние, кем-кетігін.  
Еңсем өсіп,  
Ерекше масайрадым,  
Қыздарына жолығып жер бетінің.**

Оралған көзге күйіктей,  
Жер бетін дауыл тербелтті.  
Жауғандап қашқан киіктей,  
Жалаңаш жаңбыр селдетті.

Әудемде, әне, күн шықты,  
Түнектен шапшаң босандық.  
Сандуғаш сайрап, үн шықты,  
Жоғалды біздің осалдық.

Құлпырды бүкіл атырап,  
Гауһарын шашты сақтанбай.  
Жарқ етті әрбір жапырақ,  
Кеудемде шырақ жаққандай.

## ЖАНЫМНЫҢ ҚҰШТАРЛЫҒЫ

(Л. Н. Толстойдың сөзі)

Аты шығып,  
Дәуірлеп тұрған кезінде,  
Үйленген күнгі тойдағы жалғап сезімге,  
Сұрақ қойды Толстойға Сологуб  
Адал досқа  
Қызығу көп сөзінде.

— Лев Николаевич!  
Шаруа шүкір өзінде,  
Бақыт көрдім  
Сүйіктіңнің көзінде.  
Пенде болып,  
Сенде де арман бар ма екен,  
Алтынданып барады ғой жезің де.  
Шалқар дәулет  
Байлығың мол алдында.  
Сәулеті бар  
Дананың да, ханның да.  
Не сұрасаң бәрін түгел қиыпты,  
Қызығына бұл фәнидің қандық ба? —  
— О, Сологуб!  
Бұзсаң-дағы,  
                    ұйқымды,

Ақиқаттан жасырмайын сиқымды.  
Сұрағанды бермеді ғой...  
Бірақ та,  
Қолда бардың бәрі маған сүйкімді.

## ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ЖЫР ҚАЙДА?

Қырық жанып,  
Кейде мен қырық сөнем,  
Қырық мәрте тірілем,  
Қырық өлем.  
Сезінгенім, сезгенім сол мезетте,  
Төгіледі қырық наз — қырық өлең.

Бірақ әлі,  
Көп қызық айтылмай жүр,  
Жырға жаңым армансыз сарқылмай жүр.  
Санап берген сағаттар  
Сараң уақыт,  
Қырық жырдан әрірек артылмай жүр.

Солай, достым,  
Сәламат жүріп келем.  
Ойлы сөзге оянсаң,  
Сырым терең.  
Қырық өлең жазғанда қырық бірін,  
Жазбай қойып,  
Жазықсыз сырып келем.  
Сөз кені емес,  
Жез кені қазғаным боп,  
Жыр жолында айтпаймын

«Маздадым»,— деп  
Қырық жырдың қызуы ырық бермей,  
Қырық бірін қиналам  
— Жазбадым,— деп.

Қанша ұзақ болса да  
Жұмыс күнім,  
Қаншама аз тисе, де  
Тыныс-тыным,  
Саф ауасын жұтсам да  
Шың үстінің,  
Қырық бірінші берген жоқ  
Жыр ұшқынын.

Қырық өліп жүргенге,  
Қырық жанып,  
Денем бекіп қалыпты құрышталып.  
Келе ме екен  
Қарлығаш жыр ұшталып,  
Қырық бірім,  
бой көрсет дұрысталып.

Місе тұтпан  
Өлеңнің қырықтығын,  
Шалқар шабыт,

**Өзгеше жылыт бүгін.  
Қырық өліп,  
Қырық рет тірілгенде,  
Аңсатады  
Жыр-жұлдыз қырық бірім.**

## СЕЗІМ ГҮЛ

Ақындар сыр айтса,  
Аялап, тербейді.  
Кейде бір мұңайтса,  
Жеп-жеңіл емдейді.

Патшадай ерікті,  
Батырдай той мінез,  
Ақ сүтпен келіпті,  
Ақ жолтай сол мінез.

Біздің де тілекті,  
Пенде бар қалдырған.  
Біздің де жүректі,  
Сұлулар жандырған.

Жыр келмес жәй, тегін,  
Толғансам — кең айтам.  
Өзгені қайтемін,  
Ей, қалқа, сені айтам.

Жеткізер қысқалап,  
Жан сая сезім гүл;  
Ақылмен нұсқалап,  
Ар жағын өзің біл.

Кейде паң, кейде ерке,  
Қыз күнде қызық ең.  
Қимыл пәс, сөз келте,  
Өзекті үзіп ең.

Көрместей керексіп,  
Бұлдансаң — бұрылмай,  
Қалушы ем емексіп,  
Мәжіліс құрылмай.

Көркіңе қанықтым,  
Ең алғаш көргенде.  
Өзеуреп, қамықтым,  
Өзді-өзім шерменде.

Ол күнде тіл шорқақ,  
Сенім — аз, үміт — көп.  
Жұрт — епті, біз — қорқақ,  
Сен — жалғыз, жігіт — көп.

Суыспай, жуыспай,  
Самарқау сыйладың.  
Қайрымсыз туыстай,  
Қайрылмай қинадың.

Жарқ етсе шеттенбей,  
Ақ қоян қос жанар,

Арызым жеткендей,  
Әкелді оң хабар.

Қымсынса үлбіреп,  
Қызарып екі бет.  
Ұмсындым сүйгім кеп,  
Бір емес екі рет.

Еріндер жұбаныш,  
Естіртсе сыбырын,  
Молайды қуаныш,  
Ұзарды ғұмырым.

Ашылып ақ қабақ,  
Әр сөзің әл берді.  
Жариялап махаббат,  
Арайлы таң келді.

Желбіреп, гүлденіп,  
Тынысың талаурап,  
Жақсы еді түрленіп,  
Тұрғаның манаурап.

Мәніспен құша алмай,  
Масаңсып, мәз болдым.  
Майпандап ұша алмай,  
Мамырлап қаз болдым.

**Сәт осы қызбен де,  
Мәңгілік достасқан.  
Қол сілтеп бізбен де,  
«Бостандық» қоштасқан.**

**Осылай аңсаған,  
Табылар тағатың.  
Сен оған, ол саған  
Жан қиған сағатың.**

**Ақындар сыр айтса,  
Сезімгүл тербейді.  
Азырақ мұңайтса,  
Қазір-ақ емдейді.**

## СЕНІ ІЗДЕЙМІН

Сені іздеймін,  
Биік шыңға өрлесем.  
Аңсап кетем алыс жолда шөлдесем.  
Өмір зая  
Өтер ме еді өкініп,  
Тату-тәтті қимас күндер көрмесем.

Сені іздеймін,  
Көктем келсе құлшынып,  
Үлбіреген гүл сөйлесер тіл шығып.  
Көрінбеген  
Көлеңкеңе сүйенем,  
Қабырғамды қайыстырса тіршілік.

Сені іздеймін,  
Сенері жоқ дегізбе,  
Алаңдаймын алыстағы егізге.  
Сағынбасаң,  
Сарғаймасаң мені ойлап,  
Сүңгіп қана кетер едім теңізге.

Сені іздеймін,  
Құстар өтсе көгімде,  
Ән заулайды ақ жаңбырдай төгілме.  
Жер бетінде  
Жалған десе махаббат,  
Соқпай ғана кетер едім өмірге.

## ПУШКИНОДА

Көгілдір көктем оралды,  
Бұрқанып өзен тасынып.  
Сабырлы кезім жоғалды,  
Ой кеткенге асығып.

Айналам жасыл сақина.  
Орыстың орман ағашы.  
Билегендей уақиға,  
Жиналған жиен-нағашы.

Қос еменге сән кіріп,  
Тұр тапқандай жан емін.  
Мұңдасқандай мәңгілік  
Татьяна мен Онегин.

Шыбығын ширақ баулаған,  
Шырайлы екен шыршаңыз.  
Анна Керн, аумаған,  
Сұлулық тәңрі сұрша қыз.

Қос самырсын әрманда,  
Көз салуға қысылам.  
Құшақтасып қалған ба,  
Людмила мен Руслан.

Сандуғаш жүрек жұлгандай,  
Сайрайды қалмай жан-тәні.  
Алыста сыңсып тұрғандай,  
Бақшасарай фонтаны.

Көлбедеп кербез көрінді,  
Қарағай «Қарға мәткесі».  
Жүзінен сәуле төгілді,  
Сәуірдің қызыл сәскесі.

Ару қайың сақтанып,  
Жел сөзден бойын сырғандай.  
Келер деп есен баптанып,  
Ақынды ойлап тұрғандай.

Тек кумолтақ шеттегі,  
Күш сынасу тілер ме.  
Сұрланып, бері беттеді,  
Шақырғандай дуэльге.

Орманнан шықтым алаңға,  
Саңғалдан самал саулады.  
Жігер бітіп маған да,  
Төбірентіп шабыт заулады.

Мөлдір сезім сөзге ерді,  
Төгіліп өлең келді де.  
Осындай халде көз көрді  
Пушкино деген жерді де.

## ҚЫЛЫШ КӨЛ

Бір көл бар Қылыш атты Көкшетауда,  
Үйрек-қаз оқ шығынсыз түсер ауға.  
Арқалап алты қазды оралғанда,  
Сұраушы ең сипай сөйлеп үсер сауға.

Қызға қаз сауға,  
Ойбай, бұл сауда,  
Қалармын дауға,  
Бермеймін...

Қаз атып апаң үшін терледің деп,  
Сен үшін мен де шие термедім деп,  
Төрінде шілдеhana кездескенде,  
Сөгуші ең жолдан жора бермедің деп.

Қызға қаз сауға,  
Ойбай,  
        бұл сауда,  
Қалармын дауға,  
Бермеймін...

Қылышқа аққу-қаздар қона ма екен,  
Сауғаға етек-жеңің тола ма екен.

**Ұлым-ау, сен сараңдық жасай көрме,  
Балалық қайта оралмас қонақ екен.**

**Қызға қаз сауға,  
Онда жоқ сауда,  
Қалмайсың дауға,  
Бер деймін...**

## ІЗГІ АРМАН

Сарғайтса өңін күзгі орман,  
Қарағай ғана сақталып,  
Қоштасқан құстар ізгі арман,  
Әуені қалар жатталып.

Сергісем әнге құлшынып,  
Тыңдашы келген назымды.  
Менің де соңыра тіршілік  
Әкетер ме екен жазымды.

Сырымды сонда біліп ал,  
Таппасаң тағат елігіп.  
Жыр келер қимас үні бар,  
Әдемі гүлдей теріліп.

Жапырақтың көріп ояуын,  
Жарқырап жатқан алтын боп,  
Өзгертпей алам бояуын,  
Жырыма сіңіп қалсын деп.

Жер-көкке шолпы шашылып,  
Табиғат берсе сыйлы күн.  
Өлеңге қосам асығып,  
Бүлк еткен бұта қимылын.

Осындайды термеген,  
Ақынның қанша күні бар.  
Жыр іздеп, жұртым, мен келем,  
Қимылы, түсі, үні бар.

Кім маған айта алады екен,  
Ол қазір қай қалада екен?  
Күлкісіз күндерінде,  
Ұйқысыз түндерінде,  
Сағыныш байқала ма екен?

Кім маған айта алады екен,  
Ол қазір қай қалада екен?  
Алаңсыз кезектерде,  
Армансыз мезеттерде,  
Жадырап жайқала ма екен?

Кім маған айта алады екен,  
Ол қазір қай қалада екен?  
Құмарттым күйдім деп,  
Ұнаттым сүйдім деп,  
Ол қалай қайталады екен?



Орансаңдар үлдеге-бұлдеменен,  
Үндемегем,  
Қызғанып, күндемегем.  
Маған деген қуаныш кештеу келіп,  
Құлашымды қусырып, тіл бөгеген.

Сырымды айтса мінездің ашықтығы,  
Күндемендер,  
— Көп қой,— деп, ашық күні.  
Маған керек тірлікте  
Бір-ақ нәрсе,  
Ол, адамға адамның ғашықтығы.

Көп жүрмейміз,  
Өмірдің қалар жүгі,  
Белгілі ғой қара жер тажалдығы.  
Бір-ақ нәрсе,  
Тірліктен сұрайтыным,  
Ол — адамның адамға адалдығы.

## РУМЫНИЯ ЖЕРІНЕ

Румындар!

Досың келді алыстан,  
Байқоңырлық қазақың мен танысқан.  
Дәл жүрерде жігіттерді қарсы алдым,  
Аман-есен елге оралған ғарыштан.

Бізді-дағы сол құрметпен қолға алып,  
Қарсы алдыңдар, ықыласың мол халық.  
Ақ тілекпен, нақ ниетті өзім де  
Жүрегіме орап шықтым жолға алып.

Жасыл бұйрат тауларыңа таңдандым,  
Ерте тұрып, теңіз көрдім,  
Таңды алдым.  
Пар ат жеккен бірішкенің үстінде,  
Келіншекпен тіл қатысып,  
жандандым.

Тау жамылған тұман ба, әлде  
түбіт пе,  
Ой жалғайды көңілде көп үмітке.  
Сыбызғы әні бар аймақты телміртті,  
Есек мініп қой қайырган жігітке.

Талай қайтса қызу оты құмардың,  
Көп ойы бар ғой таудағы ніл мұнардың.

Мұнай тартқан  
Мұнараларға сүйсіндім,  
Брашовтағы заводтарға қуандым.  
Жеміс өскен жасыл белдеу алаша,  
Жүзімі мол далаларың тамаша.  
Жүзім емес жүрегімді үзердей,  
Селк етемін жүзімші қыз қараса.

Талай, талай қуанышты өткердім,  
Қонақ мінез «жақсы» деумен шектелдім.  
Кешегіні ұмыттырмас ұрпаққа,  
Ақ мұнара ескерткіштер көп көрдім.

Таныс аттар көне бейіт тасында,  
Кейде ірікпедік,  
Көздің ыстық жасын да.  
Үнсіз ғана тұрдық толқып, толғанып,  
Соғыста өлген әкелердің басында.

Румындар!  
Мейманың боп шаттандық.  
Еш мүлтіксіз,  
Жүрек сырын ақтардық.  
Қимай қарап, қоштастыңдар,  
Біздер де,  
Өздеріңізді қимай-қимай аттандық.

## ҚАЛАДАҒЫ ЭЛЕГИЯ

Ай түсті,  
Қаланы аттап су бетіне,  
Шомылды көп-құшақтың құрметіне.  
Күледі, күлімдейді таныс бейне,  
Қыз күнгі ұқсап сенің суретіңе.

Қаланың қалың шамы қарай қалған,  
Ай сұлу қымсынады қарайды әрман.  
Жарқырап көкте жұлдыз, көшеде оттар,  
Көк күмбез көркі ғайып сарайланған.

Келеді көре бергім оңашалап,  
Қалардай күндіз күннен арашалап.  
Таң атты. Қала оянды. Айдын айсыз,  
Тереңге телміремін тамашалап.

## МОДА МЕН МОДЕЛЬЕР

Құлшындық,  
Мода көріп бәріміз де,  
Ер-әйел, жасымыз да, кәріміз де.  
Үмсындық,  
Ылайығын іздеп қана,  
Құрбыны қызықтырар сәнімізге.

Жұтынып жұрт тігілген жаңа бөзге,  
Жалтақтап жанарлары жанады өзге.  
Тек қана,  
Мен отырмын талмай қарап,  
Мода емес модельер кара көзге.

Келді ғой,  
Кейде орнымнан тұрып кеткім,  
Келді ғой,  
Қасына еріп жүріп кеткім.  
Монтиған момақан қыз, айтшы, қалай  
Өзіңді модадан да қылықты еттің.

Ой, аллай!  
Адам ба екен, ауа ма екен,  
Жүзінен шапағат нұр жауады екен

Қыпша бел сен көрмесең үзілердей,  
Назарың наз қимылға ауады екен.

Әшекей,  
Егіз сызық қас тамаша,  
Жарайды-ау бір бүлікке бастамаса.  
Сынық сым, жарты шеңбер кірпіктері,  
Керілмес көз қиығын тастамаса.

Құбылып,  
Сиқыр кербез күледі екен,  
Жылылық келбетіне жүреді екен.  
Қос жанар бұлттан шыққан қос жұлдыздай,  
Жарқ етсе жүрек басын тіледі екен.

Екі иық сыланыңқы,  
Майқы тайпақ,  
Құшаққа шақ құйылған,  
Қалдым байқап.  
Ақ тамақ тіл қатардай бұлк етеді,  
Теңселсе аққу мойын басты шайқап.

Қолаң шаш қасақана төгілердей,  
Қос анар  
Қолдан жатық егілгендей.  
Кіл таза,

Мінсіз нәзік екі бетке,  
Екі мең әдей ғана себілгендей.

Еріндер — еңлік гүлдің жапырағы,  
Шәрбатын ауа арқылы татырады.  
Қос балтыр жолды кескен жезкиіктей,  
Көз арбап ерсіл-қарсыл қатынады.

Керімсал құлын білек,  
Жайлы құшақ,  
Мазасыз махаббатқа сайлы құшақ.  
Сырт бүтін,  
Ішің түтін, телміресің,  
Қызыққан Ханшайымға жарлыға ұқсап.

Сұлулық!  
Қайда мені жетеледің,  
Өзгеден неге орғаш жекеледің.  
Қарама, тау түніндей тұңғыық көз,  
Тынысым тоқтап қалса не етер едің?

Жыр жаздым көкіректі бунаған соң,  
Жоқ жерде тентек жүрек тулаған соң.  
Сен кешір, модельер қыз Корнелия,  
Қайтейін мен Корнет боп тумаған соң.

## ШҮКІРӘН <sup>1</sup>

Махбуба, сен арабтың сұлуысың,  
Өзінді көрсем ішім жылуы шын.  
Шақырсам би билеуге ырымым ғой,  
Өнерін біздің елдің білу үшін.

Тастадың чадраның азабын да,  
Азаттық жарқырайды назарыңда.  
Бір кезде өздеріңдей жолдан өткен,  
Алдыңда тұрған осы қазағың да.

Ақ көңіл жан екенсің, аңқылдаған,  
Менен де сыр қалмайды айтылмаған.  
Ұқсастық бостандықшыл бағытымда,  
Түрім мен тілім емес айқындаған.

Әуелі тіл табыссақ мархабаннан,  
Болмай ма сезгенім көп байқағаннан.  
Жылытар жалғыз сөзім жүрегінді,  
Шын алғыс Шүкірән деп айта қалған.

---

<sup>1</sup> Шүкірән — арабша рахмет деген ұғымда.



Араб кызы Махбуба,  
Сөз айтпадым шешіліп.  
Қызыгып сендей аққуға,  
Күледі теңіз көсіліп.

Толкын мен көркің жарыста,  
Тебірендім мен де қадалып.  
Бірақ ойым алыста,  
Ниетімді адал ұқ.

Мазам кетті келгелі,  
Тіл қатпашы, шошырмын.  
Махбузамен елдегі  
Шатастырып отырмын.

## ҚАРШАГҮЛ

Қайдан шықтың,  
Қалай өстің құмдақта:  
Қалай жеттің,  
Сұлулық тәңірі сымбатқа?  
Үзіп алып иіскеуге де қимаймын,  
Жұлмай қарап жүрмін қазір қымбатқа.

Талай гүлге  
Болса көңіл бұрғаны,  
Сендей сұлу көрмедім мен туғалы.  
Үзбедім мен,  
Үзе қалсам мезгілсіз,  
Дүниенің кемитіндей бір бағы.



Сен жаңылдың.  
Үстіме көк құлады.  
Жанып кетті көктемнің көк құрағы.  
Көктедім мен.  
Құлазып кетпедім мен,  
Өртең жерге көктесін шөп шығады.

Шөп шығады,  
Ғажайып көп шығады.  
Түрлі гүлдер — өзгеде жоқ шығады.  
Сөнбегені жақсы екен  
Не де болса,  
Көкіректің өз оты, өз шырағы.

## ҚЫЗЫМА ХАТ

Көзіңнен айналайын, Майрашым-ау,  
Сағынбай сені маған қайда шыдау.  
Жалынам күндіз күнге, сактай көр, деп,  
Түн келсе жырмен жазам айға сұрау.

Сондағы ақ ниетті пәк сұрағым,  
Өзіңе сая бол деп тапсырамын.  
Шіркін-ай! Не де болса намысшыл бол,  
Осы ғой бір сұрағым — көп сұрағым.

Ерке өскен алақанда балапаным,  
Ұйқым аз кейде селдір ала таңым.  
Қопарып календарді шапшаң ашып,  
Сен келер күнді алдыма қаратамын.

Өзге сөз емін-еркін тізілмейді,  
Жүректен басқаша сыр сүзілмейді.  
Шәй ішіп отырғанда от басында,  
Әңгіме өзің жайлы үзілмейді.

Шулатып отырамыз құлағыңды,  
Еске алып кішкентай күнгі сұрағыңды.  
— Папа, мен соғыс жылдар қайда болдым,—  
Деп қана іздеп едің тұрағыңды.

Оянған шағың бүгін сана-сезім,  
Ұғатын ата тілін, ана сөзін.  
Айтайын соғыс жылдар  
Тап өзіңдей,  
Өмірді бастамаған бала кезім.

Әжеңнің жалғызы едім қасындағы,  
Отын-шөп менсіз үйге тасылмады.  
Соғысқа кеткен әке сағынышы,  
Әрине әлі күнге басылмады.

Әңгіме ол бір ұзақ айтуға ауыр.  
Көңілді көп босатпай қайту тәуір.  
Қызым-ай!  
Сенің осы күнгі өмірің,  
Ол кезде бізге арман асыл дәуір.

Әжеңнің екі көзің көздеріндей,  
Кей сөзің мені аяған сөздеріндей.  
Алдында еркелеген балалығым,  
Өзіңмен қайта келді өзгерілмей.

Сен барда алдымда сол ауылым бар,  
Бұла тел, құрбы-құрдас қауымым бар.  
Жүгірген жалаңаяқ жардан қарғып,  
Салтанат сәні тозбас сауығым бар.

**Мен үшін сенсіз өмір олқы мәні,  
Кетердей жыр жоғалып толқымалы.  
Көркімсің төрімдегі, өмірдегі,  
Алдымда жарқыраған көл сыңары.**

**Көзіңнің айналайын қарасынан,  
Тірексің маған қатты жаны ашыған.  
Жұмысқа таңнан тұрып аттанарда,  
Бейнеңді қасыма ертіп ала шығам.**

## ТҮНГІ ТЕҢІЗ

Ай сәулесі ақ жолақ қаққа жарып,  
Теңіз жатыр жарқырап, қасқаланып.  
Бәрі жортақ толқындар күні бойғы,  
Жуасыпты, мінезі басқаланып.

Мен бастадым сол кезде толқығанды,  
Маңайдағы тіршілік олқыланды.  
Ай еңкейіп теңізге сәуле төкті,  
Көкжиекте айқасқа жол құралды.

Сөккен жоқпын тез өткен құсты қонбай.  
Қарлы дала — теңіздің нұсқы сондай.  
Айдын жатыр жарқырап Сарыарқада,  
Сырма боран жылжыған қысқы жолдай.

Соғыс жылдар басқарма тепендеткен,  
Қысқы жолдай қос торы көсем жеккен.  
Қысқы жолдай отыннан қысқы кеште,  
Әжем байғұс екеуміз әрең жеткен.

Қысқы жолдай қимылды бәсеңдеткен,  
Аяз сүйіп, бозқырау әсемдеткен.  
Аппақ болып жатыр-ау осынау жол,  
Қысқы жолдай...  
Майданға әкем кеткен.

## АНАМА

Сенің аппақ тілегіңмен келемін,  
Болашаққа асығып.  
Бар сияқты,  
Адамдарға керегім,  
Қымсынбайын жасырып.

Сәті түсіп,  
Жазсам ойдың тереңін,  
Ақ сүтіннен дарыған.  
Бір қияға  
Жетеріме сенемін,  
Қасиетіңе табынам.

Топ алдында жүрсе егер өренің,—  
Өзің өр ғып жаратқан.  
Мен не дейін,  
Бәрін айтар өлеңім,  
Бірақ, жерге қаратпан.

## ШЕРТПЕ КҮЙ

Теріс қақпай  
Қыл саға биігінде,  
Аққу сезім қонады иірімге.  
Шертіп, жонып, жұқартып, өсіреді,  
Өшіреді көмескі күйігін де.

Сынық дыбыс,  
Сым дыбыс,  
                    үздік тыныс,  
Селк еткізер,  
Сезінтер қызық дыбыс.  
Бой балқытар демінді жеделдетер,  
Тал түбінде күлгендей кылықты қыз.

Сыбыр-гүбір сызылар,  
Сыр ұқтырар,  
Ынтық етер ырықсыз құнықтырар.  
Сал бойыңды сипалап сауықтырар,  
Күндізгі көп жұмыстан тынықтырар.

Күй жорғадай ентелеп шайқалады,  
Жазғы желдей құбылып, жайқалады.  
Жан құмарың тәтті түс тұманында,  
Құшақтайды, құшады, айқарады.

**Ыстық қанға ләззат таратады,  
Тыңда, достым,  
Тып-тыныш таң атады.  
Әлдилеуді, билеуді арман еткен.  
Ақын солай арбауды жаратады.**

\* \* \*

Түр дейді ғой,  
Егделік күтіп кезекте,  
Сергіп кетсем,  
Сезім өртін тежетпе.  
Не жетер дейсің,  
Шабытты күндер көп болып,  
Жүрегім жырға малшынып жүрген мезетке.

Астан-кестен,  
Төңкерілсе дүние.  
Аспа көкке  
Табылмай қалар дым ие.  
Бәріне сонда жалғыз ғана мен ие,  
Ал өзіме  
Өлеңнен басқа кім ие?

## ТҰҢҒЫШ ГҮЛ

Жасыл бел құтты жайлауың,  
Оранса лағыл сағымға.  
Кездесер таныс сайға гүл,  
Бос белбеу бейқам шағыңда.

Оңтайлы тұрса алдында,  
Оңаша айтар сыры бар.  
Оқтанып, жігіт, қалдың ба,  
Ойлана бермей, жұлып ал.

Көз өткір, қайран тіл тайғақ,  
Жасқаншақ кезің болмай ма.  
Жеңілдің, жеңдің, біл байқап,  
Сұлулар сергек сондайға.

Алсаңшы жылы саяңа,  
Бассаңшы қимыл тезіне.  
Қалтыратпай, аяла,  
Үздігіп тұр ғой өзі де.

Буыны босап қызынып,  
Қауызын раушан ашады.  
Рахат тауып, қызығып,  
Лүпілін жүрек басады.

Алдасаң төгіп көз жасын,  
Өзің де бақыт таппайсын.

**Өкініш ертең болмасын,  
Кеудеңе бүгін таққайсың.**

**Айнымас тату бірлікке,  
Табылмас одан жақсы гүл,  
Шынымды айттым күндікке,  
Тілімді менің алшы бір.**

## **БҰЛТ**

Не пайда қарауытып, қаулағаны,  
Күркіреп құр даңғаза жаумағаны.  
Кер бие оқыранса, жануар-ай,  
Жеңгемнің шәйін қимай, саумағаны.

Әудемде қарақұрым кішірейді,  
Табиғат кейде жатық ісі дейді.  
Исінген бұлтқа қарап, бурыл егін,  
Желіде құлыншақтай кісінейді.

Е, бәсе! Жетті нөсер дала, қырға,  
Жалғасты зэмзэм алтын сабағына.  
Тамаша!

Қарай қалшы!

Жаңбырдан соң  
Туған жер күн ойнаған қабағына.

## ЖҮРЕК ЛҮПІЛІ

Тенесем туған елді ақ қайыңға,  
Демеймін ескі әдепті сақтайын да.  
Түбінде сол қайыңның бейіт жатыр,  
Жазылған анам аты тақтайында.

Көкірек ойда жоқты зиялайды,  
Көзге ыстық көп көрініс ұялайды.  
Сағынып кетем кейде қыз сыйлаған,  
Бес саусақ жұқа түбіт биялайды.

Бір ән бар ауылдастар шуылында,  
Бір сән бар қарақат көз бұрымында.  
Бір мән бар ата-анамды көргендердің,  
Қиылып, қимай қарап тұруында.

Жанданам орман, дала саясына,  
Таңданам көктемгі өзен аясына.  
Шөп шапқан шалғы сілтеп бала кездеі  
Телмірем биылғы орақ маясына.

Көп сыр бар алғаш ашқан әліппеде,  
«Отан» — деп сөз құраған әріпте де.  
Бәрін де сыйғыза алмай ойда бардың,  
Қараймын өлеңіме кәдіктене.

**Кім айтар деп, шырағым, осың бекер,  
Жеңіл сөз неге керек өшіп кетер.  
Ей, досым, машинаңды баяу жүргіз,  
Көлдегі жалғыз аққу шошып кетер.**

## СУРЕТ

Қиялдай түске кірген,  
Жүректі үшке тілген;  
Суретте сұлу отыр,  
Қос балтыр бүктетілген.

Сақтанып ұрыншақтан,  
Момақан тыныш жатқан.  
Аумайды көгалдағы,  
Құбақан құлыншақтан.

Тәртіпке қаталдайсың,  
Жұртқа еріп қатарлайсың.  
Екі көз не көрмейді,  
Көрді деп ақы алмайсың.

Нұрланып, манаураған,  
Екі бет жалаулаған.  
Дүниеде тап осындай,  
Бар болса санаулы адам.

Ашқандай таң түндікті,  
Денемде қан дүрлікті,  
Қос жанар жарқ еткенде,  
Сұлумен жан бірлікті.

**Үмсынып күлді неден,  
Бір шындық білді менен.  
Қозғалып дыбыс берді,  
Еріндер үлбіреген.**

**Көркемдік құдірет қой,  
Қасиетін біліп ек қой.  
Бәйбіше, сатып әпер,  
Тамаша сурет қой.**

## ЖИДЕГІМ

Жиі-жиі жидегім,  
Сені қалай сүймедім.  
Қызбен теріп қызықтап,  
Тап қасында биледім.

Үйме-жүйме түймелім,  
Көзді саған түйредім.  
Қыршын күнде бұзылып  
Қызға бұрды бүйрегім.

Кұрбы сырды білгендей,  
Қойды реті бір келмей...  
Әлі күнге ол маған  
Жидек теріп жүргендей.

## БҮЛДІРГЕН

Бүлдір-бүлдір бүлдірген,  
Тілге тәтті ілдірген.  
Тере-тере адасып,  
Қызға қысым білдірген.

Жүре-жүре жол аша,  
Орман кездік оңаша.  
Басқа жерде сәт болмас,  
Маңайына жоласа.

Күлдір-күлдір күлдірген,  
Кеселінді кім білген.  
Тиіп кетсе қызартып,  
Ақ көйлекті бүлдірген.

Біреу айтса сенбес ем,  
Отырды ғой жейдешен.  
Оралдыңдар көзіме,  
Кейде сұлу,  
кейде сен.

Аяныш сөз себелеп,  
Аялаймын өбелеп.

**Маса түгіл мақына,  
Жолатпаймын көбелек.**

**Бүлдір-бүлдір бүлдірген,  
Тілге тәтті ілдірген.  
Үйге қайттым төбелеп,  
Қыз буымен күлдірген.**



Сөз көбейтіп,  
«Сүйдім», «күйдім» демейді,  
Бірақ жүрек тек өзіңмен мерейлі.  
Дүниедегі сұлулықты, сымбатты  
Салыстырып, тек өзіңе теңейді.

Үнсіз ғана,  
Сыр шеккенде қаламға,  
Көрмей жүру жеңіл емес маған да.  
Сені сүйген жер бетінде адам бар,  
Сол қимастық берік болсын саған да

## **БИЛЛИАРДШЫ КЕЛІНШЕК**

**Жігіт едім кий ұстап шар қумаған.  
Биллиардтың  
Толғағы зар қылмаған.  
Болотонда кездесті осы кесея.  
Қашқан аңдай қызығы сарқылмаған.**

**Ойнағанды ұтып жүр бір келіншек.  
Арманың де  
Бір жеңіп, бір жеңілсек.  
Еркек кіндік қалмады пар келетін  
Жасай берді шайлыққан жұрт шегіншек.**

**Ұпай алса сұлудың сүйінетін,  
Кейпі қызық  
Кий безеп түйілетін.  
Бүйрек беті уылжып балбырайды,  
Сәт туғандай  
Оп-оңай сүйілетін.**

**Сақ-сақ күліп  
Жас мадам іркілмейді,  
Марал дене,  
Сылқым төс бүлкілдейді.  
Жақсы ойнайтын біреуді іздегендей  
Өткір көздер төңіректі тінтіп жейді.**

Масайраған келбеті ғажап екен,  
Ойнай білмеу  
Ой, аллай! Азап екен.  
Дағдарыста бір жігіт шыға келді.  
Қыран қабак,  
Қапсағай қазақ екен.

Емеспіз бе сертке мәрт  
Тойшы халық,  
Дегемін жоқ  
— Ағатай, кой, шыдайық!  
Кийі мылтық  
Жүйрік шар кашқан киік,  
Топырлатып түсірді Қойшыбаев.

Жалқы емес,  
Қос-қостап шар қағыста,  
Масаттанар мезет жоқ бар табысқа.  
Отыздағы  
Құлшынған парижанка  
Алпыстағы ағаңмен арпалыста.

Келіншектің кездесті күтпегені,  
Шардың қайда  
Сәкеңнен үрікпегені.  
Тоғызыншы түскенде тор қалтаға

**Қызық болды бір күліп,  
«Үһ» — дегені.**

**Жұқа жүзі мұнайып кийі қалды,  
Күлкісін де перизат  
Тыйып алды.**

**Жеңілдім — деп оң қолын ұсынды да  
Ағамызды оңдап бір сүйіп алды.**



Берік-бекем құрыштаймыз,  
Бірге сілтер қылыштаймыз.  
Керіссек те кейіспейміз,  
Өзіміз-ақ дұрыстаймыз.

Өкпелесек өкпе айтамыз,  
Дертке емес сепке айтамыз.  
Қара қылды қақ жарғандай,  
Кемшілікті бетке айтамыз.

Туа тату егіздейміз,  
Тұтасқан қос теңіздейміз.  
Бізден келер жақсылық сол —  
— Әй, пәлекет, дегізбейміз.

## ТЫНЫШТЫҚ

Аландамай жүрсін деп аналар да,  
Еш армансыз өссін, деп, балалар да,  
Жер бетінде кесапат болмасын деп,  
Дамыл таппай өтіпті даналар да.

Ертеңіні болжаумен көріп кетті,  
Бүгінгіні осылай көрікті етті.  
Біздер үшін,  
Тыныштық сақтаймыз деп,  
Қан майданда әкелер өліп кетті.

Тыныштықтың тұрағы далам менің,  
Күн нұрымен құшады заман лебін.  
Таң сәулемен,  
Ақшуақ еріп келген,  
Саф ауамен тып-тыныш алар демін.

Саумал иіс  
гүл қанат, самал желден,  
Кәусар жұтам  
қалқыған қамар белден.  
Көк шалғында көңіл жай жатқанымда,  
тыныштықтың рахатын маған келген.

Қамықсам да, сондайда ес кіреді,  
Онсыз дерттің табылмас ешбір емі.  
Жанға дәру табиғат дыбыстары,  
тыныштықта тап-таза естіледі.

Естіледі сандуғаш сайрағаны,  
Желі, көген жеңгелер байлағаны.  
Заводтардың қосылып мыс сыңғыры,  
Оркестр боп жалғасар аймақ әні.

Таңғы самал ұлғайтып тынысымды,  
Уа, тыныштық! Тындаймын дыбысыңды.  
Тындап, тындап, сергимін, құлшынамын,  
Ойлап кетіп өнбеген жүрісімді.

— Үйретші, аға, «Гэккуді»,  
деп қана, інішек, сұрайсың.  
Ән айналар сәт туды,  
Өзің де маған ұнайсың.

Сиқырлы тәтті азап бар,  
Жүректен жылу ұрлайтын.  
Аққулы көлде ғажап бар,  
Жер-дүние жырлайтын.

Көңілім дария,  
Тұнықта.  
Аққулар кейде ұшады.  
Мойнын салып ныққа,  
Біреуі мені құшады.

Үйретермін «Гэккуді»,  
Сыбырын айтып жаңағы.  
Тыңдап қал, жаным, аққуды,  
Аққулар кетіп қалады.



Қарай берші қарағым,  
Көрсем тыныс аламын.  
Ойлы, нұрлы келбетіңді,  
Көз жұмсам да табамын.

Етің әппақ мақтадай,  
Шыдай алман мақтамай.  
Қарап қана отырар ма ем,  
Сағат емес, апталай.

Нәзіктікпен теліттің,  
Әсемдікпен еріттің.  
Мінсіз таза мінезіңе,  
Біржолата еліктім.

Қалам қастың сызығын,  
Еріндердің жүзімін,  
Жасыра алмас жарқылымен.  
Алтын сырға, жүзігің.

Дидарыңнан жасқанып,  
Ілебiңнен мастанып,  
Көз шырымын алайыншы,  
Арманымды жастанып.

## ҚЫЗ — ДАЛА

Қыз — дала!  
Қыз баладай құбылмалы,  
Алдыңа келіп тұрмын бүгін-дағы,  
Қыз дала!  
Сен дегенде ұланыңның  
Түюлі шүберекке шыбын жаны.

Қыз — дала!  
Шыдамды сарқа сүйем  
Өзіңе үміт сенім арта сүйем.  
Күн батып,  
Келбетінді түн жасырса,  
Ақ сәуле таңнан тұрып қайта сүйем.

Жыр жазып отырғам жоқ мұңдасуға,  
Жарасаң болды армансыз тыңдасуға.  
Бүгінгі бейнең сенің қалса деймін,  
Келешек ұрпақтармен сырласуға.

Қияда іздемедім ықтап пана,  
Қыз — дала, қыраныңа мықтап қара.  
Бәрібір қайда жүрсем бір оралып,  
Жатармын омырауыңда ұйықтап қана.

**Өтермін, жыр төгілтіп далам үшін,  
Атқарып ел жүктеген заман ісін.  
Сонда сен маңдайымнан сипағайсың,  
Ақ сүтін кештім деген знам үшін.**

## ҮМІТ

Үміт деген тілдегі,  
Сөз емес жеңіл жаттанды.  
Жайқалған жүрек гүлдері,  
Үмітпен ғана сақталды.

Жақсы ұлға ел сүйсінбек,  
Сүйіктісі санайды.  
Шапағаты тисін деп,  
Үмітпен ғана қарайды.

Жау алдында сынақта,  
Қарусыз қалдыр, жебемді ал.  
Үмітсіз етпе бірақ та,  
«Үмітсіз сайтан» деген бар.



Жол тауып жүрегіңе жақындадым,  
Маздадым, махаббаттың татып дәмін.  
Қызыққан қысқа таңда түс сияқты,  
Алғашқы кездесуге шақырғаның.

Сырың көп жан құпия маған ашқан.  
Ерке наз, есіл шаттық араласқан.  
Өмірдің бір сайраны, бір қайраны,  
Тез өтті уақыт залым аямастан.

Беу, шіркін! Сондай дәурен қайталанса  
Сол жерге күйіп-жанып, қайта барса.  
Жалға, деп, жарты сағат, жалынар ем,  
Жаныңа не керек деп, айта қалса.

## **ТӨКПЕ КҮЙ**

**Күй атаулы ғажайып,  
Сөкпен күйді.  
Төкпе, шертпе екі тал шекке сыйды.  
Жеңіс күнгі салюттей қуанышты,  
Төңкерілген сүйемін төкпе күйді.**

**Ер салмасаң құлазып қалтыраған,  
Бесті асаудай белдеуде арқыраған.  
Төкпе күйге құмартар қызулылар,  
Сүймейді оны, сүймесе салқын адам.**

**Сайдың сақа сел қуған тастарындай,  
Құйқылжиды бір сайыс бастарындай.  
Не болмаса,  
Аспаннан қыран төніп,  
Кәрі бөрі көз жұмып қашқанындай.**

**Біздің заман биқұмар жастарын-ай,  
Бұрқанады, бұрылмай, басқарылмай.  
Сатыр-гүтір жер-ана жаутаң қағып,  
Жәйдің оғын жауар бұлт шашқанындай.**

**Ақбоз үйлер асығыс тігілгендей,  
Құрдас жеңгең құбылып, бүгілгендей.**

**Қыз баладай жасырмай сағынышын,  
Күйеу жігіт алдынан жүгіргендей.**

**Жетер жерге құйылтып жеткендерге,  
Жерге жеті жақсылық еккендерге.  
Қызықпайды, беу, шіркін, қай азамат,  
Түйдек-түйдек төгілтіп кеткендерге.**

## **БАТЫР АҒА**

(Мәлік Ғабдуллинге)

**Жүретін**  
бір кездесу арманымда,  
Япыр-ай, қапияда қалғаным ба?!  
Жамандық жаңылуды білмейді екен,  
Таппадым әдейі іздеп барғанымда.

**Қарайсын,**  
Суретте — көктемдейсің,  
Жүрекке жылы сәуле сепкендейсің.  
Білмеймін, ауыр сөзге қимай тұрмын,  
Тағы да кек қайтара кеткендейсің.

**Батыр боп,**  
Жаудың бетін қайтарып ең,  
Ұстаз боп  
Бейбіт күнде жайқалып ең.  
Япыр-ау, енді бүгін  
Қайда кеттің  
Қашан да  
Мақтанышпен айтарым ең.

**Сыртыңнан**  
талай — кеңес ақтарушы ең,

Атыңа Мәлік деген шаттанушы ек.  
Әкесі соғыста өлген көп балалар,  
Аға деп арқа сүйер мақтанушы ек.

Туған ел  
Батырым деп бағалайды,  
Жоқтығың сан жүректі жаралайды.  
Шошыдым,  
Дауыл жығып кетті ме деп,  
Алатау төсіндегі шоң қарағайды.

Көкшенің бір жартасы құлағандай,  
Сексен көл — сексен жеңгең жылағандай.  
Зеренді зекетің боп тебіренеді,  
— Ауылға келіп кет,— деп сұрағандай.

Жетпеген ел аузына жарияға,  
Сыр шертті,  
Сақтаған мен Әди аға.  
Ғажайып өзің жайлы наз айтылды,  
Біздермен елден келген қарияға.

Әрине,  
Олар терең түсінеді,  
Бауыржан...  
Рақымжандар күрсінеді.

Қобыланды жазатайым мерт болғандай,  
Тайбурыл бейуақытта кісінеді.  
Ойламан  
Осы жырым шақ келер деп,  
Ойлаймын,  
Әлі талай сәт келер деп.  
Ел жақтан еркелене самал ессе  
Күтемін сенен сәлем ап келер деп.

Қобыланды жазатайым мерт болғандай,  
Тайбурыл бейуақытта кісінеді.  
Ойламан  
Осы жырым шақ келер деп,  
Ойлаймын,  
Әлі талай сәт келер деп.  
Ел жақтан еркелене самал ессе  
Күтемін сенен сәлем ап келер деп.

*1973*

## **ТОЛҚИДЫ ТОҚЫРАУЫН ТОЛҚЫНДАРЫ**

**Аралап Ақтоғайды жол шығады,  
Саялы желпіген жел, толқын әні.  
Ақынның жүрегіндей ел сағынған,  
Толқиды Тоқырауын толқындары.**

**Көрген жан қалай ғана толқымады,  
Дүниенің толқымаған олқы мәні.  
Анаңның «айналайын» дегеніндей,  
Толқиды Тоқырауын толқындары.**

**Адамның келгеніндей той құмары,  
Желкілдеп желбіреді ой тұмары.  
Қыз тосқан жас жігіттей жазғы кеште,  
Толқиды Тоқырауын толқындары.**

## ҚАРЫНДАСЫМ НӘЗИПАҒА

Қобалжыдым мен неге,  
Баса алмай шаттық ілегін.  
Даладай шалқар кеудеме,  
Сыймай тұр құйттай жүрегім.

Жолымды тағдыр оңалтқан,  
Қуаныш селі ағылды.  
Туғалы мүлде жоғалтқан  
Қарындасым табылды.

Шүйіншіні алындар,  
Төріме шырақ жағылды.  
Той-дүбірге салындар,  
Ақ түйе қарны жарылды.

Тағдырдың ісі санаймын,  
Отыз жыл неге жаңылды.  
Соғыста өлген ағайдың  
Тұяғы жалғыз табылды.

Сейілді тұман өрлеген,  
Күн шуақ басты сағымды.  
Туғалы бір көрмеген  
Қарындасым табылды.

Шалқысам келер көмекке,  
Өлеңшіл кезін тыймай тіл,  
Кеудем түгіл, жер — көкке  
Қуаныш деген сыймай тұр.

## ИДИЛЛИЯ

Таусылмас сыбыр-гүбір  
Көктемім, өткенің бе.  
Қалыпты сұлу ғұмыр  
Сырымбет бөктерінде.

Жазғы кеш әлегі мол,  
Өзгеден қызғандырған.  
Бар еді әдемі жол,  
Екеуміз із қалдырған.

Аққұба жалғыз қайың,  
Көк терек арасында.  
Қасына барғызайын,  
Көз жұмып табасың ба?

Құба тал күлтеленген,  
Терең сай сағасында.  
Көлеңке күркеленген,  
Қарай қал қарасынға.

Артықша ұнап ең сен,  
Адамзат баласында.  
Тасадан шыға келсем,  
Танымай қаласың ба...

## АСЫҒЫСПЫН

Асығыссың — дейсің ғой,  
Жалғаны жоқ.  
Бұйығып от басында қалғаным жоқ.  
Асығыста жүргенім, уақытым аз,  
Бірақ сені асығыс алғаным жоқ.

Асығыссың — дейсің сен,  
Жалғаны жоқ.  
Серігіңнің серті жоқ, арманы көп.  
Асығыста жүргенім көп бастадым,  
Жұмысымның біткені аз, қалғаны көп.

Асығыссың — дейсің бе?  
Жалғаны жоқ.  
Әке ізі жалғызбын, қалғаны жоқ.  
Қалай жүрем асықпай білесің бе,  
Маған артқан елімнің салмағы көп.

Асығамын атқан таң арайына,  
Ерте тұрсам нұр жауад талайыма.  
Жақсы өлең жан баурап өң береді,  
Жарасқандай ақ күміс самайыма.

Асығыссың — дей бердің,  
Асығыспын.

**Келмейді ғой дәм-тұзды жатып ішкім.  
Асықпасам қорқамын,  
Өкінем деп,  
Уысында меңіреу қапылыстың.**

Жамандық деп сезінем,  
Кісіден кісі шошыған.  
Сақтай гөр көптің сөзінен,  
— Не болды,— деген,— осыған.

Жырымды оқы шошымай,  
Шомылсаң терең ойларға.  
Жүрген жоқ, білсең,  
Досым-ай,  
Өмірім өңшең тойларда.

Есігімнен еркін кір,  
Жұлдызың болып жанамын.  
Тым болмаса дертіңнің,  
Қақ жартысын алып қаламын.

Қулықпен ерсең қасыма,  
Қарысып, құшақ ашпаймын.  
Басынсаң мініп басыма,  
Алысқа сілкіп тастаймын.

Сауалым көп бірлікке,  
Шыр бермеймін ширықсаң.  
Не асар дейсің тірлікте,  
Қимастық деген сыйлықтан.

## ТАУЛАРҒА

Бүгінгі таңның өзгеше екен қарқыны,  
Заулаймыз алға,  
Өтеміз таулар арқылы.  
Тұманды өрде,  
Шақырады мені де,  
Бұлттарды сөгіп,  
Жылт еткен жұлдыз жарқылы.

Болмаса таулар  
Табиғат көркі силықсыз  
Не болар едім,  
Алдағы заңғар биіксіз.  
Саңқылдаған сұңқарлар даусы жетеді,  
Дүбірлі ғұмыр,  
Дауылды дәуір сүйіппіз.

Ұядан ұштым,  
Шайлықпай еркін самғадым.  
Шындарға шырқап,  
Келеді құлаш жалғағым.  
Биіктен еркін көрінеді екен бүкіл ел,  
Тау тағдырын талабыма талғадым.

Құмартып кеттім,  
Бұлттардың көшін сыруға,

**Ғаламат бар ғой,  
Жасырған олар жылуда.  
Маған қанша керек дейсің,  
Арманым:  
Көктегіні жеткізіп жерге тұруда.**

## АУЫЛДЫҢ БҰЛ ДА ҒАЖАП ӨЗГЕРІСІ

Інім бар дипломат, Сәлім деген,  
Қызметі дәрежесін мәлімдеген.  
Ақкөңіл, кішіпейіл, инабатты,  
Табынтқан талайларды тәлімменен.

Ол консул,  
Стамбулдың қаласында,  
Мінекей, өнер қазақ баласында.  
Болмаса Ұлы Октябрь шапағаты,  
Зор арман туар ма еді санасында.

Өзі де көркем жігіт Төлегендей,  
Халық та түсі игіні елеген ғой.  
Келеді балғын өңін бұзбай сақтап  
Ақ келін ақ ұлпаға бөлегендей.

Тұрғандай қызыл қайың тербетіліп,  
Жатады шапағаты елге тиіп.  
Әдепті бала екен деп әжем мақтар,  
Көйлегі күлтеленген жерге тиіп.

Жүз шақты үй «Еңбек» атты ауылымыз,  
Дейді екен дипломат бар ұлымыз.  
Жақсы екен ел дәріптеп аңыз етер,  
Болғаны қатар өскен бауырымыз.

Даралап ақсақалдар мақтайды екен,  
Інілер одан «ірі» таппайды екен.  
Жеңгелер майлы қима, қазы-қарта,  
Әдейілеп сыбаға сақтайды екен.

Ауылға келсе ағайын тойлағаны,  
Қызық қой, қуанышқа тоймағаны.  
Бәрінен ұнап кетті балалардың,  
Дипломат, консул болып ойнағаны.

Ойнаса тап осындай ойын-дағы,  
Жақсы арман жеткіншектің бойындағы.  
Балаға бір кездегі қиял еді,  
Ауылда белсенді боп тойынғаны.

Баланың ғаламат қой көз көрісі,  
Оның бар өз «арыстан», өз «бөрісі».  
Ойнаса бүгін консул, космонавт боп,  
Ауылдың бұл да ғажап өзгерісі.

## ТУҒАН ЕЛГЕ ҰСЫНАМ

Көшкен бұлтты  
Мен өзімше түсінем.  
Ойымдағы табылады ішінен.  
Күннің нұрын құшақтаймын құлшынып,  
Терезеден айды төрге түсірем.

Қызып кетем,  
Бақытты той-думанға.  
Жел жетелеп жігіт қызды қуғанда;  
Аудандасып қосқан атын ел тосып,  
Адуынды балуан бел буғанда.

Бір күй үшін астымдағы атымды ал,  
Әнші, күйші, маған туыс-жақындар.  
Кең дүние көкірегіме сыяды,  
Шарт жүгініп айтысқанда ақындар.

Бір жасарам ауыл жаққа барғанда,  
Гүлге оранып,  
Күлкің, анам, қалған ба?  
Көк серкедей қарт шопаннан қалмаймын,  
Әңгіме етіп әкемді еске салғанда.

Мен ояумын,  
Қала оттары сөнгенде.

**Мен ояумын  
Мал маңырап өргенде.  
Думан-тойға шақырумен барсам да,  
Жедел жетем біреу зәбір көргенде.**

**Масайраймын кездескенде достарым,  
Дәру көрем құрдастардың оспағын.  
Бақытымның биігіндей сезінем,  
Сөздеріне өлеңімді қосқанын.**

**Ағаларға, жеңгелерге еркемін,  
Інілерге аға ақылын шертемін,  
Теңескенге Абайымдай биікпін.  
Егескенге Махамбеттей келтемін.**

**Түсінгендер сарқып сырын айтады,  
Өмірімнің өрімдерін байқады.  
Қолда барды аяп қалар жерім жоқ,  
Кім алдымнан қабақ шытып қайтады.**

**Мен де талай қиындыққа тоғыскам,  
Менің де әкем оралмаған соғыстан,  
Менің де анам ерте аттанған өмірден,  
Жақсы адамдар сонда маған болысқан.**

**Соның бәрі толғайды да, тербейді,  
Қуаныштар жеңіл-желпі келмейді.**

**Қысқа күнде қырық сұрақ өмірім,  
Шешім табу оңай бола бермейді.**

**Біткен ісім аз болғанға қысылам,  
Бұлтты еңсеріп,  
Күннің шығам тұсынан.  
Содан кейін жүрегімде жыр туса,  
Парызым деп туған елге ұсынам.**

## СҮЛУ ЭН

Сүлу эн әдилейді, тербетеді,  
Сәулесін болашақтың зерлетеді.  
Жүректің жасырынған нұры жанып,  
Жұқарған шетіндегі шер кетеді.

Әр сөзі қуаныштың хабарындай,  
Іздеген арманыңды табарындай  
Ғашықтық құштарлықты молайтады,  
Қалқаның құмарланған жанарындай.

Анамның бесік жырын ала туған,  
Жан едім ақ сезімнен жаратылған.  
Кешіксем кешігермін тіршілікте,  
Бір әнді естимін деп жаңа туған.

## **СӘСКЕНІҢ СЕЗДІМ ӨТКЕНІН**

**Сәскенің сездім өткенін,  
Шаңқай түс қуып жеткенін.  
Баянды болғай, шіркін-ай,  
Таң атқалы еккенім.**

**Тәуекел үшін туғанмен,  
Жоғалды көп күн думанмен.  
Өкініп бүгін жалт қарап,  
Жеткізер ме қуғанмен.**

**Қуанышқа маңдайым,  
Тірелді қашан дап-дайын.  
Өкінішті көп көрген,  
Татымың қайда, таңдайым.**

**Жұрт көзіне нардайсың,  
Өзіңді соған алдайсың.  
Мені жалқау еттің деп,  
Кімді ғана қарғайсың.**

## ОҢАШАДАҒЫ ОЯ

Қаншама...

Сауықтарға бара алмадым,  
Биші жігіт болып та саналмадым.  
Ата-ананың алдында алшандатпай,  
Бой көрсетпей кетіпті сан арманым.

Демалысты үземін келтелетіп,  
Ойын-тойдан жүремін,  
Ерте кетіп.  
Тағдыр өзі ерке етіп өсірмесе,  
Өзімді өзім қайтейін еркелетіп.

Ерте кеткен өмірден  
Ата — анамның,  
Тілегі де сол ма екен,  
деп қапаландым.

Қапаланып,  
бірақ тез бой бекіттім,  
Тез есейдім,  
Тым шапшаң сақаландым.

Соның бәрін өкінбей жеңгеніммен,  
Алғаным көп,  
Өмірден бергенімнен.

Мейман болып отырып асығамын,  
Қол үзгенге қызықты еңбегімнен.

Қаншама...

Көп думаннан алшақ жүрмін,  
Түңілме,  
Айылды алыс салсақ, құрбым.  
Бүгін де,  
Тыныс деген тым аздау боп,  
Кездесулер дегенді аңсап жүрмін.

Шаршап жүрмін...

Демеймін көп жұмыстан,  
Кейде мезі боламын  
Көп тыныстан.  
Сауықты айтып сандалып,  
Зарықпаймын,  
Муза сәлем әкелер аққу құстан.

Жалғыз ғана тілегім

Сонда менің,  
Өлең досым,

сен ылғи

Қолдап едің,  
Бір қиядан көрініп жарқ еткенше,  
Сарқылмасын сайысты жолда демің.

**Табалатпа  
Тасада сөзуарға,  
Сеніп келем  
Көкіректе көзі барға.  
— Ойдағыны тірлікте айта алмадым,  
Дегізбесең болғаны көз жұмарда.**

\* \* \*

Жылдар жылжып, уақыт ізін жасырып,  
Кетер деуші ем, ескі өкініш басылып,  
О, құдай-ау! Жанған жүрек асырын,  
Бара жатыр бұрынғыдан асырып.

Қарлығаштар эзер қанат қағады,  
Жібермейді сағыныштың сабағы.  
Жүйткіген жел жүз құбылып,  
Қарайлап,  
Ол да менің қабағымды бағады.

Дерсің, мейлі, тұщы екен, не ащы екен,  
Бір жүрекке бүкіл дүние сақшы екен.  
Кейде маған сондай да бір ой келер,  
Сағынатын адам бары жақсы екен.

\* \* \*

Көктем келді май даусым мамырыстан,  
Жер құтылды қалың қар, кәрі қыстан.  
От сезімдер оянды, мезгіл жетті,  
Қобалжытып, құлшынтып, алып ұшқан.

Көктем келді, май маусым мамырстан,  
Аққулардай арайға ағыла ұшқан.  
Май әкелген махаббат маусымындай,  
Жапан дала оянды сағыныштан.

## ТОЙДАҒЫ ОЙ

Ей, уақыт-ай!  
Екенсің ғой тым қысқа,  
Барады ұқсап кешегі өткен жыл құсқа.  
Балалықтың бір базары тарқай ма,  
Досым қызы шығып жатыр тұрмысқа.

Екі бағлан отау құрды, топтасты,  
Екі тасқын бір айдынға тоқтасты.  
Қыз ұзату тойы дейміз,  
Жігіт ше?  
Жігіт бүгін бостандықпен қоштасты.

Салтанатты той үстінде отырмыз,  
Айдын-көлде аққу құстай отыр қыз.  
Қос періште көрінеді көзіме,  
Біздер пенде, қарапайым топырмыз.

Біледі ғой қимастықтың өлшемін,  
Әке болып,  
Ана болып көрсе кім.  
Өз қолымен өзі үзіп бергендей,  
Жүрегінің ең қажетті бөлшегін.

Кірбің басса не амал бар жүзінді,  
Баса алмайсың

Басындағы ызынды.  
Тап осындай той-даңғаза соңында,  
Әкетер ме сенің де ертең қызынды.

Қуан, достым, өлең сөзге болма алан,  
Қызым түгіл, ұлымды ойлап қозғалам.  
Қыз ұзай ма, әлде жігіт...  
Кім білсін,  
Не десең де күйеу балаң — өз балаң.

Тойдағылар,  
Қане, сап, сап, тыныштал.  
Біз дайынбыз,  
Ей, тамада, дұрыстал.  
Жас жұбайлар махаббатын бекітіп,  
Шампан шапшып,  
Қоңырау соқсын хрусталь.

Елді ойламай ақынның таңы атқан ба,  
Сырымды ұқ сынықтау қабақтан да.  
Жүрегімнің жұлдесін үйіп берем,  
Жер бетіне жақсылық таратқанға.

Күн сәулесі болса егер оранғаным,  
Менің де бар дауылды борандарым.  
Сүріндір деп дүлдүлді сауал артпа,  
Сорақыға сойылышы бола алмадым.

Елге жігіт, жігітке елі тірек,  
Содан болар сөз айтам сеніңкіреп.  
Мен жүрген жер кетті ғой менікі боп,  
Мені де олар айтады «менікі» — деп.

## ТАБИҒАТТАН ҮЙРЕНДІК

Көктем келді,  
Махаббатқа салтанат,  
Жасап жатыр тірі жәндік жан талап.  
Анадайдан кербездене қаласын,  
Он сегіздің әсем әнін қайталап.

Гүл-жапырақ әл береді, күлемін,  
Ой-хай, көктем!  
Бола берсін тілегің.  
Жер сияқты гүлге балқып бусанған,  
Жас ніске кобалжиды жүрегім.

Қыста — суып,  
Жазда — ысып, күйгендік,  
Көктемде рас — қызды көптеу сүйгендік.  
Күзде күдер үзбей ғана қоштасып,  
Бәрін-бәрін... табиғаттан үйрендік.

## БІР ҚИЯН

(Романс)

Жанарың жүрек өртеп жарқыраған,  
Біз пенде, сіз — періште хал сұраған.  
Көзге көз түйіскенде дәт шыдамай,  
Кейлімді сезесің бе қалтыраған.

Сескентпей айналада нөпір қауым,  
Маужырап қызық екен отырғаның.  
Ескермей елегенім өзі-дағы,  
Көрсем де көз алдымда көпір барын.

Күпия жан сезбейтін тетік тауып,  
Отырам еріп бірге кетіп қалып.  
Үңіліп жүрегіңнен жыр оқимын,  
Үстімен сол көпірдің өтіп барып.

Бір қиян жұмақ екен қарсы алғаның,  
Азайттың көңіл жүгін, жан салмағын.  
Көп қызық, көп қуаныш әкеледі,  
— Ризамын өмірге! — деп жар салғанын.

Құлшынып құшақ жайып қоштағанға,  
Келермін, келеді-ау деп, тоспағанда.  
Тірліктің кей қызығын сезер ме едім,  
Сәт түсіп бізді тағдыр қоспағанда.

## ТОСТАҒАН КӨЗДЕР

Тостаған көздер,  
Тораңғы ма, мойыл ма,  
Томсарғаны уайым ба, тойым ба.  
Жүрегімді жұлып ала жаздайды,  
Еркелейді тоймай ашық ойынға.  
Не бар екен ойында.

Тостаған көздер  
Тораңғы ма, шие ме,  
Толастаса іштей жанып күйе ме.  
Жарқын көздер айқын неге айтпайды,  
Қалай білем, әлде өзгені сүйе ме.  
Айықпас қасірет үйе ме.

Тостаған көздер,  
Бітіпсің шынар гүл қызға,  
Өзіңнен артық жанар ма жарық жұлдыз да.  
Бір болу қайда бір көру арман сияқты,  
Саяңа келсем, сағымды менің сынғызба.  
Құмармын сендей жұлдызға.

Тостаған көздер,  
Бітіпсің сылқым сол қызға,  
Жер бетінде қайталанбас жалғызға.  
Өзіңсің ғой менің мәңгі қиялым,  
Өзеуреп кетсем, өзге сөзге барғызба.  
Сағынышқа салғызба.

## ЖЕЗ КИИК

Жер сұлуы —  
Жезкиігім, аяулы.  
Сені көрмей  
Көңіл көптен қаяулы.  
Өзіңді іздеп,  
Жалғызсырап барғанда,  
Қарсы алармысың жаяуды,  
Ауылым менің ояу-ды?

Кім кесті екен,  
Егіз жүрек арасын.  
Кім жазады.  
Жазықсыздың жарасын.  
Қияға кетіп,  
Қайрылмауға қисаң да,  
Қымбатты жан боп қаласың.  
Қымбаттай түсіп барасың.

Түндей тыныш,  
Тәтті ұйқыдай жеңіл ең.  
Өзің ғой менің —  
Ережем менен емлем.  
Қайталап келіп,  
Құмарту, аңсау мезгілі,

**Өкініштерге көмілем.**

**Өлең болып төгілем.**

**Балауса едің,**

**Балбыраған балдырған.**

**Өзгеге салқын**

**Жүректі жеңіл жандырған.**

**Бір көрудің**

**Зор бақыты бар дейді,**

**Жүйткіп бір өтші алдымнан,**

**Бейнеңді естен қалдырман.**

## ҚОРҚЫНЫШ

Өткен күн екі айналып келмейтіндей,  
Кездесу көңілге сәт бермейтіндей.  
Сескенем, бірақ кейде оңашада,  
Атқан таң сен қайда деп тергейтіндей.

Самал жел ырғағына қосыламын,  
Аққу-қаз қайталайды тосу әнін.  
Сәскеде жалғыз қалсам, сен қайда деп,  
Толқындар тексерердей шошынамын.

Япырмай, кімге айтармын-шалғайда деп,  
— Кездеспей кейбір бейне қалмай ма,— деп  
Қорқамын қара торғай сыр ақтарып,  
Шарықтап шаңқай түсте сайрай ма деп.

## ТҮЙЫҚТАҒЫ ТҮНЫҚТА

Басыңды көз жұмарда шайқамасқа,  
Көңіл бөл, терең үңіл байқамасқа.  
Үндемей жүрген жаннан тіл шығады,  
Сырыңды жақын тартып айта баста.

Тұнық бар түйықтарда үндемеген,  
Ажары ашылып бір гүлдемеген.  
Тыңдашы, тым жасырын құпиясын,  
Үйықтатпай көз алдында түнделеген.

Сүйтсе де, айта алмаған, сүйе алмаған,  
Жабуды сандық жүрек қиялдаған.  
Қиналып ол жүргенде рет таппай,  
Бір досы қағып кеткен, ұялмаған.

Білдірмей қала берген қинаса да,  
Сыйғызған көкірекке шер, сыймаса да.  
Біреулер қуанысып кете берген,  
Ол әлі сағынышын тыймаса да.

Бүгінгі білмейді гой мекенін де,  
Ол әлде Алатаудың етегінде.  
Болмаса, жақын жүр ме көзге түспей,  
Біреудің көлеңкесіз жетегінде.

**Ойлайды қауіптеніп, айтуға да,  
Жарқ етіп барады екен қай турада.  
Бақытты болды ма екен жолдасымен,  
Түспейді жол бір көріп қайтуға да.**

**Әнекей, бәрі тұйық зердесінде,  
Мәніс бар аша білсең пердесінде.  
Аташы атын ғана жылылықпен,  
Тұнық көл қозғалады кеудесінде.**

## АУЫЛДАН АТТАНАРДА

Сары Кеңгір,  
Қара Кеңгір. Жәй Кеңгір.  
Теңіз келбет,  
Қосақталған сай теңбіл.  
Жағасында Жезқазғандай жазира,  
Маған қымбат емес дейсің қай Кеңгір.

Кеңгірбайлар атын сенен атаған,  
Үңгір жайлар — қойнына құт матаған.  
Жез қопарып, қорғасынды қайнатқан,  
Қазан, оқпан,  
Іздер жатыр атадан.

Аттанарда сәт тіледі арыстар,  
Сәкен, Тайжан, Шашубайлар, Қаныштар.  
Дәл солардан аумағандай көрініп,  
Қимай тұр ғой,  
Шахталастар, таныстар.

Көктемгідей көркем өскен сары ала,  
Болмаса да қызыл гүлдер, самала.  
Аттанарда жезкиіктер келіпті,  
Қыс қыраулы Кеңгірдегі қалаға.



Сағынтардай туған алтын алқаны,  
Селк етпесе  
Көкше, Баян алқабы,  
Аққу-қаздар ән салмаса мен жайлы,  
Ерік сенде,  
тоса берем арқаны.

Еске алмаса  
Іні, аға, достарым,  
Қара бастың қамы екен де жоспарым.  
Сағынбаса көңлі сынық адамдар,  
Бекер болды деп айта бер тосқаның.

Біреу жақсы,  
Біреу жаман десі бар,  
Ақиқатты осындайда шешіп ал.  
Кеншілігім,  
Ақындығым екі жүк,  
Тым болмаса екі-ақ рет есіңе ал.

Менің айқын өмірдегі ұраным,  
Жерлестер-ау,  
көп қой әлі құмарым.  
Қайда жүрсем өздеріңе сәт тілеп,  
Жүректерің болса деймін тұрағым.

**Шарықтатса қиялары үміттің,  
Қашан ғана арынымды іріктім?  
Кеңгір бойлап,  
Ұлытауға ұл болған  
Мен жігітпін, жігітпін.**

## ҚҰЛШЫНЫС

Өлең етсем  
Өткен күннің өрнегін,  
Қызығы көп дүние деген көрменің,  
Ғаламат деген аз емес қой, бірақ та  
Тап өзіндей ғаламатты көрмедім.

Жарлы едім.  
Жадырадым, қуандым,  
Көлді аңсаған  
Шөл жүректі суардым.  
Біраз күндер босаңсыдым.  
Шаршадым.  
Сен ояттың.  
Шын серпілдім. Уандым.

Мерекелі мезгіл келді қайтадан,  
Жолым болды жүрегімде — жайсаң ән.  
Қуанышым құшағыма сыймайды,  
Мені сүйді.  
Мен сүйдім деп айта алам.

Аққу құс бара жатыр алыстарға,  
Тілегін айта алмады таныстарға.  
Жүрейін барар жерін біліп қана,  
Екі көз құс жолынан шалыс қалма.

Ақ кербез кетті шалғай қияларға,  
Жат жерде сағынышын тыя алар ма.  
Қыс кетпей көктем қайтып келмейді екен,  
Қар жатыр құстар салған ұяларда.

## МЕН АҒЫМНАН ЖАРЫЛАМ

Өмір деген ағыл-тегіл арпалыс,  
Арпалыстарда жасамаймын жалтарыс.  
Қалар деме  
Қай қияда жүрсем де,  
О, туған ел, тағдырыңнан қалтарыс.

Мен жегулі,  
Тері кеппес тайыңмын,  
Бұтағы мол көлеңкелі қайыңмын.  
Шыңға жібер,  
Тыңға жібер, бәрібір.  
Қай арысқа салсаң-дағы дайынмын.

Сазды, назды  
Созылмалы сырнаймын,  
Тер төгілмей,  
Еркін шаттық құрмаймын.  
Күні бойғы қызуменен оралып,  
Түн ұзақты  
Жігерлене жырлаймын.

Бұлт сөгілсе  
Жас қыранша көрінем,  
Шахталардан кенің болып төгілем.

Дән беруді аңсап шыққан молығып,  
Ақ бидайдың сабағындай өрілем.

Айдын көлде аққуыңмын,  
Қалқимын.

Кең көшеде сәулет құрып шалқимын.  
Құйып алшы кеудемдегі барымды,  
Қызу пеште қызыл мыстай балқимын.

Шынымды айтам.

Мен ағымнан жарылам.

Ұлытаулықтарды ұмыта алмай, сағынам.

Сезімталдық сергектікке сілтейді,

Аталар-ау,

Айтқан жерден табылам.

Майдағы туған өлеңдер,  
Мазасыз күндер белгісі.  
Көңілде көп, көп елеңге,  
Келмейді адам сенгісі.

Ауаны жұпар жуыпты,  
Ашылып көктем дүкені.  
Сол сәтте Майра туыпты,  
Әнекей, гүлдің үлкені.

Қайда, деп, өлең қаймағы,  
Кітаптан іздеу бекер-ау.  
Ең жақсы өлең майдағы,  
Майрашым менің екен-ау.

Жалынды сөзде жалған жок,  
Ұғындым, жолға түстім де;  
Құйғытып келем, арман көп,  
Құйынды шабыс үстінде.

Елігіп досқа ақшуда,  
Көзімше мақтап «ер» деген.  
Қосқолдап уақыт шашуға,  
Мінезім бар ермеген.

Мүсіркеп кербез мүсінге,  
Уәде жинап «кел» деген;  
Данғаза дүрмек ішінде,  
Жан емеспін желдеген.

Жетесіз ұсақ кеңестің,  
Жетегінен аулақпын.  
Болымсыз бұлғын емеспін,  
Тұйғынымын тау жақтың.

Жетермін биік заңғарға,  
Бірақ та, өмір, серт тыңда.  
Мәреге тақап қалғанда,  
Құлагердей мерт қылма.

\* \* \*

Салқын дене қызбайды,  
Қызу қайда, мұздайды,  
Айқын болса сүйгені,  
Антын адам бұзбайды.

Қобалжымай жетер ғой,  
Қол ұстасып өтер ғой,  
Мерт болғаны махаббат,  
Серт болғаны бекер ғой.

## ҚҰС САЙРАН

Көлдің беті әсем әнге тұнады,  
Қику салып құстар сайран құрады.  
Күй бітсе де, би бітпеген сияқты,  
Жылжи алмай, төс тақасып тұрады.

Елге оралған осынау күннің сәттісі-ай,  
Қуанышқа елтіп үнсіз жатты сай.  
Күз келгенде жырлай-жырлай, қоштасып,  
Жаз шыққанда наз төгудің тәттісі-ай.

Құшақтасып көп сұлулар өтеді,  
Құс қонардай көңілім көл боп кетеді.  
Шұбатылған ақ көйлектен аумайды,  
Су сипаған ақ қанаттың етегі.

## САҚТАНУ

Көктемде гүл-бәйшешек жайқалады,  
Қылт еткен шөп басынан май тамады.  
Іңірде қас пен көздің арасында,  
Гүлдердің «көз қысқаны» байқалады.

Жайнаса жасыл жайлау майсаң келіп,  
Жүресің жер бетінде арқан кеңіп.  
Сұқтанған сиқырлы гүл әлегінен,  
Түртеді бүйіріңнен сайтан келіп.

Жеңеше, сұрағым бар тоқта, тоқта,  
Көтеріп әкетпесін ойда жоқта.  
Қасыңа бие саусаң ертіп баршы,  
Тұрайын құлын ұстап, қолда нокта.

Әдептен десең әнтек аттамасын,  
Үйретші бүгінгі ауыл салт-санасын.  
Бар еді бір арызым айтылмаған,  
Құлыншақ шұрқыраса жалт қарасын.

Көктемнің көркі сонда анықталар,  
Алыстан көзі шалса танып қалар.  
Құдайдың сақтағаны осы болып,  
Қайныңды жын-сайтаннан алып қалар.

## ҚУМОЛТАҚ

Орман көркі  
Сұлу еді ақ қайың,  
Атамекен жер, су, ауа, күнге ортақ.  
Дәтім шыдап  
Қалай ғана даттайын,  
Жапырақ шықпай, атаныпты қумолтақ.

Аяқасты алдамшысы-ай жалғанның,  
Көксетеді-ау өрім бұта көктемін.  
Ойлатады-ау  
Не боларын қалған күн,  
Ойлатады-ау сымбат, қуат кеткенін.

Күндер қайда көк желегі тоғысқан,  
Белгілі ғой өткен ғұмыр келмесі.  
Балалары оралмаған соғыстан,  
Қарт анаға ұқсап кетті бейнесі.

## **ҚАРАҒЫМ, ҚАНДАЙСЫҢ**

**Қарағым, қандайсың  
Не құрмет талғайсың?  
Жадырап келсең де,  
Жалындап, жанбайсың.**

**Балқытып, баурайсың,  
Жанымды жаулайсың.  
Аулымда ақ қайың,  
Сен содан аумайсың.**

**Телміріп көздерің,  
Тереңдеп сөздерің,  
Бір қиян,  
                  бір зиян,  
Әрине төзгенім.**

**Кейде алыс самғайсың ,  
Кейде елтіп, алдайсың.  
Алыстан сескенген,  
Жаралы аңдайсың.**

**Құлшынтқан ақ қабақ,  
Ұмсынтқан ақ тамақ,**

Бал ма екен, у ма екен,  
Не сиқыр сақтамақ.

Шын сөзге нанбайсың,  
Не жауап арнайсың.  
Жазығым бар ма еді,  
Қалайша қарғайсың.

## ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

Бал қайың,  
Бала қайың, қызыл қайың,  
Жапырағы сыбырайды үзімқайым.  
Қымсынып көз алдымнан қыз өткендей,  
Оралды қызуы мол қызық жайым.

Керіліп қызыл қайың еркелейді,  
Серілік келсін дейді, келсе, мейлі.  
Тіл сараң іңкәр сезім ішке сыймай,  
Үзілтіп айтар сөзді келтелейді.

Бал қайың, балдыз қайың, жас аралым,  
Ұмсынбай қалай ғана қасарамын.  
Денеме жапырағың тиіп кетсе,  
Жоқ жерде қытығым кеп жасарамын.

## ҚАЙРЫЛМАЙ КЕТПЕСІН АЛМА МОЙЫН

Олжа түсті,  
Ой аллай, олжа түсті.  
Ақсандықта қасқалдақ жонға түсті.  
Асханада ас ішіп отырғанда,  
Тайып құлап келіншек қолға түсті.

Қасақана ала үйрек құлағаны,  
Әлде досым өзінді сынағаны.  
Бұйра шашың оралып буыныңа,  
Ішімізде сен болдың ұнағаны.

Күмілжісе сәл ғана үңілгендей,  
Қарамадың, томсардың, түңілгендей.  
Не де болса байғұстың өзінде бар,  
Өлер бала молаға жүгіргендей.

Түйір асқа тірлікте бар ма тойым,  
Үзіп алып аузыңа салмақ ойың.  
Тез көтеріп жіберші жігітсің ғой,  
Қайырылмай кетпесін алма мойын.

Тоқаштанған,  
Томпақ бет домаланған,  
Қарақат көздер танадай бола қалған.  
Бір келіншек теңізде жүзіп жүрді,  
Жұрт көзінше жаныңды тонап алған.

— Қашан, қалай  
Келдіңіз сіз Қырымға? —  
деп бастадым әуелі сөзді ырымға.  
— Студент кез,  
Мәскеуде топ ішінде,  
Дидарласып едік-ау біз бұрын да.

Хикаясыз жәй таныс өткеніміз,  
Қыз көруге тозды ма шекпеніміз.  
Ширек ғасыр арада уақыт өтті,  
Өкінткен жоқ кездеспей кеткеніміз.

— Танимысыз?  
Бізге бет бұрмаймысыз?  
Араласып біздермен тұрмаймысыз?  
Келіншекке, дедім мен,  
ойым адал,  
Бәйбішеммен әңгіме құрмаймысыз.

—«Тұрғандай-ақ шақырып сөзің тойға,  
Жылжып еді жып-жылы сезім бойда»,—  
деді де ол тағы да сөз жалғады:  
«Бәйбішеңмен, ағатай, өзің ойна».

## ҚАМҚА ХАЛАТ

Әзіл

Үстінде қандай ғажап қамқа халат,  
Шіркін-ай, берер ме едің алса қалап.  
Шошынба өз қолыммен шешіп көрсем,  
Қызық қой ақ періште жайса қанат.

Сұлуға жылу болған қамқа халат,  
Дүниеде саған жетпес барша манат.  
Патшасы кездеменің арманың не,  
Мен бір сәт сен болайын жанса талап.

Мол берем байғазыны, қамқа халат,  
Қызғанбай қызметің қалса жарап.  
Сырғып кет сыр білдірмей байқаусызда,  
Еркелеп, елең етіп қалса қарап.

Достыққа осынау киім жаратылды,  
Жалындым, табамын деп тағатымды.  
Ей, қалқа!  
Көрші-қолаң есік қақса,  
Іле сал нығыңа халатыңды.

## ҚҰДАША

Құдаша, құтты болсын табысыңыз,  
Ұнайды нәштеп аяқ алысыңыз.  
Құлшынған қыз елінің ыңғайлысы,  
Мен болам, жақын келіп танысыңыз.

Жігітті құдай қайда бастамаған,  
Сергекпін, серілікті тастамаған.  
Жүрегің неге сонша лүпілдейді,  
Дегелі тұрмысың ән баста маған.

Заулатшы, қанекей, ән салысайық,  
Лаулатшы, би үстінде табысайық.  
Ғадет бар әлмисақтан келе жатқан,  
Ырымға бір рюмке қағысайық.

Қызық көп тойда думан көретұғын,  
Еркелеп, елігім бол еретұғын.  
Бір басып, екі басып, жақындашы,  
Ар жағын құдай өзі беретұғын.

## СЕСКЕНУ

Іздеудің енді реті келмейтіндей,  
Кездесу көңілге сәт бермейтіндей.  
Ауылға барғым келсе күдіктенем,  
Жеңгейлер сені сұрап тергейтіндей.

Алыстан аяндай-ақ осы хәлім,  
Тотылар толғайды екен тосу әнін  
Бірақ та сені сұрап оңашада,  
Құстар да қинай ма деп шошынамын.

## СЫРЛАСУ

Сыр жетім ғой сызылып ашылмаған,  
Адам жақсы арманын жасырмаған.  
Ақындар да өтеді іздеуменен,  
Бір шындықты айтам деп ашылмаған.

Кел қанекей! Кел, достым, ашыл маған,  
Көрінесің көктемдей жасылдаған.  
Тілегі бір адамдар тілдеспесе,  
Жетім болып көрінер ғасыр маған.

Дертін ұғам,  
Жүректің шетін көріп.  
Қызықпаймын жәй ғана бетін көріп.  
Жақсылардан жақсылық тере алмасам,  
Өтер ме едім мен-дағы жетім болып.

## АЛЫПТАР МЕН АДЫРЛАР

Алыптар бар,  
Әлемге тіреу болған,  
Адырлар бар арқаға сүйеу болған  
Қырандарға қаршыға үйір дейді,  
Көңіл қосса біреуге біреу қорған.

Алатаулар бұлт тіреп толғамаса,  
Қаратаулар іргелей орнамаса,  
Үбір-шүбір дүние болар ма еді,  
Үлкен-кіші бір-бірін қолдамаса.

Жоталанып жалғасып, өріледі,  
Бар назарың сол көшке бөлінеді.  
Офицердің соңында солдаттардай,  
Табиғаттың тізбегі көрінеді.

Жасыбайды Баян тау қорғайтындай,  
Көкшетаусыз сексен көл толмайтындай.  
Кейде маған ғажайып ой келеді,  
Кішітаусыз Ұлытау болмайтындай.



**Бұрынғы қапы сүріну,  
Ендігің болар жамандық.**

**Халімді менің біл, білме,  
Оған уайым жемеймін.  
Өзімді-өзім бұл күнде  
Бақытсызбын демеймін.**

Бейуақыт бекер ғана мұңайма,  
Әлде менің бір мінезім ұнай ма?  
Танысыңа ұқсап кетсе келбетім.  
Жалына гөр маған емес, құдайға

Қақпаймын мен жат жүректің есігін  
Бар өзімнің әлдилейтін бесігім.  
Туысымдай сыйлап қана жүрейін,  
Ал, өзгеге көп сұраймын кешірім.

## **ҰМЫТУ ОҢАЙ ЕМЕС ҚОЙ**

**Күліп тұр,  
Күліп те жылайды.  
Нұр жүзі бәрібір шырайлы  
Өкініш өртей ме жүрегін,  
Жүрегі әлдене сұрайды.**

**Ұрлана,  
Нұрлана сынайды,  
Мен-дағы түсінем сынайды  
Көрсем де көрмеген боламын,  
Шыдаймын, ол-дағы шыдайды.**

**Қайтадан қосылмас арамыз,  
Жазылған сияқты жарамыз.  
Түйіншек қаларын кім білген,  
Әрине, ол кезде баламыз.**

**Көрінсе қиядан қарамыз,  
Жүздеспеу амалын табамыз.  
Баяғы кеткеннен мол кетіп,  
Күн сайын алыстап барамыз.**

**Ақындар келеді кеңесқой,  
Бәрі де ойдағы елес қой.  
Ұмытам десең де, ойлашы,  
Ұмыту тым оңай емес қой.**

## КАВКАЗ ҚЫЗЫ

(Т. Зумақұловаға)

Тәнзиля, көрдім сені Москвада,  
Жан билеп нәзік сезім асқына ма,  
Ақ шашым Алатаудың ұшқынындай,  
Кавказың шипа болып жас қыла ма.

Табиғат жарылқаса бізді ағынан,  
Аулақпыз қардың шымыр ызғарынан  
Жанымның жылылығын сезіп тұрсаң,  
Аумайсың біздің ауыл қыздарынан.

Тілеулес, тілің ұқсас, асыл ілік,  
Атыңды келе жатыр ғасыр біліп.  
Оқышы кітабыңды, оқи берші,  
Жатпасын тау бұлағы жасырынып.

Нәр алдым ырғағыңның нәшін біліп,  
Мен де бір сыр бүктемес ашық жігіт.  
Келбетін Эльбрустың баяндайын,  
Қазаққа балкар жырын тасып жүріп.

Білемін өз ауылың — Эссентукті,  
Жалғады талай біздің есендікті.  
Бүйрегім солай қарай бұрылып тұр,  
— Келіп жүр емделуге, десең бітті.

Көз жасы жігіттің,  
Көкіректе жатады.  
Жалғанбас үміттің  
Таңбасы батады.

Жар кетсе суысып,  
Ол тағдыр қаталы.  
Сыр бермес тырысып,  
Шықса да атағы.

Қорламас өз басын,  
Кетпе деп жалынып.  
Білдірмес көз жасын,  
Кетсе де жарылып.

Үзілген үмітті,  
Аңсау бар бізде де.  
Сынай бер жігітті,  
Көзден жас іздеме.

Көрінбес маржаным,  
Көмулі денемде.  
Жетпейді қанжарың,  
Мықтылық дегенге.

## ЖАЛГЫЗ ЖАПЫРАК

Жалғыз жапырақ,  
Әлсіз жүрек формасы.  
Қасында жоқ бұрынғы көп жолдасы.  
Желбіреді сідан бұта басында,  
Қалтырайды баяу желден болмашы.

Тірі күнде сызылғандай тізімнен,  
Дидарында әжімі көп тізілген.  
Таң алдында сынып кетті,  
Сырт етті,  
Дыбыс жетті шыбығынан үзілген.

Жерге түсті жақсы өмірдей  
Күрт өткен.  
Оянбады  
Сол дыбыстан сырт еткен.  
Ой-һай, дүние-ай!  
Сезбеді ғой ол енді,  
Атқан таңды жер бетіне нұр төккен.

## ЕСКІ ХАТТАР

Сарғайса да ескі хаттар,  
Жатыр үйде сақталып.  
Жаным жадау кейбір шақта,  
Тынығамын ақтарып.

Өзгешелеу ана хаты,  
Сәулесі сөз самсаған.  
Дүниедегі жан рахаты,  
Жалғыз ұлын аңсаған.

Асыл тілек, мейірімді ізет.  
Шяпа болар көп емі.  
Аялайды көңіл түзеп,  
— Айналайын! — дегені...

Ежелгі дос — ескі хатта,  
Елестейді бала кез.  
Телміреді есік жаққа,  
Кеңеседі қара көз.

Бір бумада қыздың хаты,  
Тілі тәтті балдырған.  
Ол қызғалдақ құпия аты,  
Ауыл жақта қалдырған.

Әрлі-берлі толғанамын,  
Жүрек шетін тескілеп.  
— Қобалжытпа, қой, қарағым,  
Қозғалмасын ескі дерт.

Дегім келіп, ойланамын,  
Күмілжиді тіл-көмей.  
Қайта, қайта қолға аламын,  
Толғанамын үндемей.

Ескі хаттар — құрайды арман,  
Жан баурайды сөз батым.  
Хал-жайымды сұрай қалған,  
Көзге түсті өз хатың.

Тілі жатық, тілек түзу,  
Ой-сезімге сайыған.  
Көңіл ашық, жүрек қызу,  
Ілебіне жан байыған.

Гашық сырдың сыйлығы көп,  
Тынысыма қажетті.  
Бүгінгідей бұйрығы жоқ,  
Тым сыйлағыш әдепті.

Ескі хаттар...  
Толғап мені,

Болжатады ғаламды  
Бола алмаған...  
Болған келін  
Қоршағандай анамды.

Сақтар ма едім,  
Даттар ма едім,  
Жабық жатқан сезімді.  
Мен хатты емес,  
Хаттар менің  
Ақтарды ғой өзімді.

Қояр маған сұрақты кім,  
Білсе өлең арнасын.  
Жазып жүрген сияқтымын,  
Ескі хаттар жалғасын.

Көрерсің суретімді оңашада,  
Бойында әл-қуатты тонаса да.  
Қыздырар, қызықтырар сенбе оған,  
Бүгінгі жоқ құрметке ораса да.

Бұйырып толайыма балғын мекен,  
Жапқанда альбом бетін қалғыр ма екен.  
Тығылмақ ойнамап ем бала жастан,  
Жасырын қалай ғана қалдым жеке.

Қолыма сол да болса тигені дөп,  
Жөн емес жүрегіңнің күйгені көп.  
Бейнеме бір қара да жыртып таста,  
Еш адам одан артық сүймеді деп.

## ТОЙ СЕЗІМІ

Той келеді, дүние!  
Той келеді!  
Ақындарға ақжолтай сол керегі.  
Толқын сезім сүйсінген қанатымен,  
Тербеп қана жіберді ой-кемені.

Нева жақтан  
Желпіген таң самалын,  
Революция  
Лебіндей қарсы аламын.  
«Аврора» дабылы алпыс жаста,  
Ғасыр тойы — адамзат аңсаған үн.

Отан-ана!  
Күн құтты, жыл ғажайып,  
Негізгі заң жаңарды нұрға байып.  
«Күн тәртібін» тарихтың түзеп берген,  
Бұл алпыс жыл — жүз емес, мыңға лайық.

Ұлы Октябрь!  
Күш берді саяң маған,  
Жан емеспін қанатын жая алмаған.  
Сөйлеп кеткім келеді  
Маяковскийше,

Партияны,  
Ленинді,  
баяндаған.

Күн де бізге ерекше жарқырайды,  
Тереземе телмірттім алтын айды.  
Тында, дүние!  
Қуанса Совет елі,  
Табысы мен бар ісін талқылайды.

Кемелденген дәуірін ол айтады,  
Содан ақын даусын зорайтады.  
— Тура жолмен,  
жолдастар,  
барасыңдар! —  
деп сілтеген Лениннің қолы айтады.

Капиталдың қарамай сақалына,  
Социализм келеді аты алдында.  
КПСС — бастаушы,  
Бағыт айқын.  
Адымым нық алғы көш қатарында.

Отанымның бұл күнде ерек даңқы,  
Бейбітшілік ұраны, ғадет, салты.  
Мақтанышым —

Көп ұлтты жаңа қауым,  
Жаңа заман перзенті — Совет халқы.

Айтар сөздің мәні зор,  
Дәйегі бар.  
Азаматпын кең биік әлемі бар.  
Ұлы Октябрь, келіпсің алпыс жасқа.  
Құтты болсын! Қазақтың сәлемін ал!

Өмірім бар  
Жырдың әр шумағында,  
Қосылуға келіппін нұрлы ағынға.  
Кең даланың құлпырған бейнесі бар,  
Өзім салған заводтар будағында.

БАМ зорайтты елімнің атын тағы,  
Магистраль — ақынның алтын тағы.  
Ар жағында Байкалдың жатқан тайга,  
Ауылыма жол түсіп жақындады.

Мұзды мұхит бөстегін тесіп өтіп,  
Тескен жерін құрсаулы бесік етіп,  
Жер шарының ту тікті биігіне,  
«Арктикам» мың азап кешіп өтіп.

Маған туыс Отаным қиядағың,  
Батыс, Шығыс — бәрі бір ұйдағың.

Жүйріктікке жан құштар,  
Шабандасам  
Үйде отырып өзгеден ұяламын.

Москвада  
Жиналған жарқын көптің,  
Камшат құрбым,  
Дихан — қыз алдында өттің.  
Сен Съездер сарайын жаңғыртқанда  
Жүрегімде тулады қарқынды екпін.

Екпіндеген лебің татымданған,  
О, қарындас!  
Жадымда атың қалған.  
XXV — Съезде өмір сырын  
Кем айтпадың ақ иық ақындардан.

Саяси сөз — сара сөз, қатесі жоқ,  
Делегатқа ел разы — батасы көп.  
Леонид Ильичті түп-тура айттың,  
Тың өлкенің ақсақал атасы деп.

Үлесің мол  
Туған ел табысында,  
Бір ғажап бар  
                    қыз-дала намысында.







ΠΟΕΜΑ



## КЕНШІ ЖОЛЫ

«...Осы бір қарт ұнады тіпті маған,  
Дүр секілді кәдімгі жұрт аңсаған».  
*Әбділда Тәжібаев.*

### ПРОЛОГ ҮШІН

Жыр Парнас ақындықтың қиясында,  
Намыскер, екпініңді тыясың ба.  
Нық басқан тұяғыңның мөрі қалсын,  
Сөз терген әр әріптің ұясында.

Өзеге менің жаным кенелмеген,  
Уақыт та бұрынғыдан жеделдеген.  
Құлын-жыр бұлғағына баса берсем,  
Кешегі қорғай алмас бедел деген.

Бір сөзді бір сөз жығып өлтіреді,  
Бір сөзді бір сөз жөнге келтіреді.  
Жан сырын жыр бесікке құндақтасам,  
Есімнен бір кетпеді ел тілегі.

Асығыс жасамаймын жолай кеңес,  
Жолымда жатыр менің талай белес.  
Алдында Абайы бар, Қасымы бар,  
Қазақта ақын болу оңай да емес.

Бұл күнде қол жетпеген алыс бар ма,  
Жер-ана жалғасып тұр ғарыштарға.  
Ауылдың балалары ойнаса да,  
Самғауық құлшынбай ма Марстарға.

Жаралған жез тасқынын селдетуге,  
Мен сүйдім Жезказғанды жер бетінде.  
Жырымның сәттісі де, тәттісі де  
Жазулы сол өңірдің келбетінде.

Ор, оба Жошы ханның түкіргені,  
Бір кезде жатты жабық бүкіл кені.  
Тек қана «Аврораның» дүмпуімен,  
Жазылды Ұлытаудың бүкір белі.

Мыс қайнап конверторда қызыл жалқын,  
Жаңа өмір ерен қимыл қызды қарқын.  
Күдайдай жанартауда от сапырған,  
Металлург меңіреу дала бұзды салтын.

Анодтар бағлан қозы маркалардай,  
Катодтар жонда киік жалтарардай.  
Ваннада жүзіп қана бара жатыр,  
Өткелде бірін-бірі арқалардай.

Жырымның сәтті болса үзіндісі.  
Оған сай сол қоспаның түзіндісі.

Ішінде жер шарына әйгі болған,  
Сапаның көрсеткіші — қызыл мысы.

Елестеп алып тұлға шахталары,  
Өлеңнің ағытылды ақ бұлағы.  
Менің де маңдайымда желкілдейді,  
Кеншілік бояп берген ақ құрағы.

Кұрыш күш құдыретті аймағымның,  
Демеймін өзім де құр жайдағымын.  
Дәу шахта,

алып завод,

жез тауының

Бәрі өлең — бетін ашсам қай жағының.

Забойда тас жөңкіген сылқым елес,  
Көрген жан танданбауы мүмкін емес,  
Жер тулап, тау жұлқынып жатқандай бір  
Кең қолтық, кен сүйресе мың-мың тегеш.

Көп көрдім сол ғажайып арпалысты,  
Сүймейді шахтер жолда жалтарысты.  
Жанталас жер астында түнгі жорық,  
Шындайды шыдай білсең ар-намысты.

Шөккен құз қабырғасы қайысқандай,  
Сұр жартас белі үзіліп майысқандай,

Күш керек,  
ақыл керек,  
жүрек керек  
Ер керек Қаныштардай, қарыс маңдай.

Мәрт мінез мықты керек жеңетұғын,  
Соңынан жолдас сеніп еретұғын,  
Елгезек адам керек,  
Жолдасына  
Жүрегін жұлып алып беретұғын.

Көкіректе бір тәтті жыр өріледі,  
Ой өрбіп, көңілден сыр төгіледі.  
Әкелген соның бәрін көз алдыма  
Кенші аға құтты жолы көрінеді.

### ТАНЫСТЫРУ

Ұлым, сен Оразбекті білесің бе?  
— Иә, әке? Дүйсенбаев жүр есімде.—  
— Білсең сол, балпаң сары дөй қазақтың  
Заманның көп сыры бар үлесінде.

Жан еді жаны құштар ойлы ақылға,  
Жоламас ұсақ күйкі, ойнақыға.  
Өсті ол қаршадайдан жұмыскер боп,  
Біткен жоқ шомбал шондық бордақыда.

Азамат сондай болар ұлағатты,  
Тағдырдан жеңіл өмір сұрамапты.  
Кен қазған бұрғысынан тау именсе,  
Жартасқа қолмен қиып сына қақты.

Шеруді көрді Октябрь таңындағы,  
Ол солдат — соғыс өрті дауылдағы.  
Ол шахтер —  
Көне көзді, байырғы адам,  
Мол жұтқан забойлардың шыңын-дағы.

Шын зерге, кен қазудың ғұламасы,  
Болмайтын одан ақыл сұрамасы.  
Сынықшы хирургтей белгілі оған,  
Қай тастың қашан құлар, құламасы.

Мастерлік диплом берер курс көрді,  
Сынайы сол оқудың дұрыс келді.  
— «Таскұдық<sup>1</sup> академигі» — деп атайтын,  
Өзіндей бастық болған жұмыскерді.

Демеймін маған жай бір таныс қана,  
Бір жүрдік жақында да, алыста да.  
Ол — «Петро»,

---

«Таскұдық» — Жезқазған руднигі тұрған жеркі аты.

Біз «Покро» — қатар шахта,  
Жүлдені кезек алдық жарыста да.

Жеңісте қуанышқа масайрайтын,  
Бірақ та, жел сөзге еріп масаймайтын.  
Жеңілсе, мінезінде мықтылық бар  
Қызғаныш, күйкі өкініш жасалмайтын.

Қызыққа, құлшынысқа тоймайтұғын,  
Жетпісте жастық отын жоймайтұғын.  
Ұлым-ау!

Есінде ме, бәске қызып,  
Өзіңмен бірге футбол ойнайтұғын.

Зор пана,  
Биік жардың жағасындай,  
Жастарды мәпеледі баласындай.  
Шахтада бүкіл ұлттың түлектері,  
Сыйлады бірге туған ағасындай.

Кездесе сәтті теңеу тына қалам,  
Бір аға аумайтұғын бір ағадан:  
Ұқсайтын түсі Сәбит Мұқановқа,  
Туғандай қос қоңыр қаз бір анадан.

Сом тұлға, балуан бітім құдыретті,  
Сыптығыр батыр білек, шымыр етті,

Ең алғаш көргенімде ақбас сары,  
Сәбеңдей сығырайып жымың етті.

Елгезек пенде көңілін сындырмаған,  
Жас пен жас, кәрімен пәс мың қырлы адам.  
Тілдесе қас қаққаны қызық еді,  
Қыранның қанатындай күнді ұрлаған.

Жұмысқа нояндығы дауыл — дастан,  
Жүретін жыл он екі ай ауырмастан.  
Шахтаны «Петро» атты бітірді өзі,  
Белгі боп жұрты қалды ауылдасқан.

Деместей тірі көздер олай емес,  
Жасамаң жорға сөзбен жолай кеңес.  
Боларсың тәуір кенші, ұлым, сен де,  
Бітіру бір шахтаны оңай емес.

Дүр сілкіп,  
Кәрің солай тастап терді,  
Үр жаңа шоқтығы тың мақсатқа ерді.  
Бүгінгі гигант деген шахталарды,  
Біздерге өз қолымен бастап берді.

Забойда өзге мықты болмақ қандай,  
Піл сирақ тас бағандар зор батпандай.

**Желкемен жер тіреген өңшең «дәулер»  
Тек қана Оразбектер орнатқандай.**

**Ұлым-ау! Айта жүрші, білесің бе,  
Талай сыр тұнып жатыр бұл есімде.  
Қой бақты, слесарь болды, шахта игерді,  
Ол жеңді өмір — толқын күресінде.**

**Болса да жасы әкемдей досым еді,  
Ақыл-ой, мінезге құт қосып еді.  
Парыз — сол,  
Орекеңнің үлесі бар,  
Жезқазған ұлым десе осы мені.**

**Біреді жыл Орекеңді тұрғызбады,  
Жезқазған қоштасыпты ұл — қыздары.  
Забойлар дүркін-дүркін салют беріп,  
Ұлытау тебіреніпті шың — құздары.**

**Ызыңдап Бала — Жезді түнгі ыңғары,  
Өксік жел өкінішін тынғызбады.  
Адамша аянышын білдіріпті,  
Сарыарқа аспанының жұлдыздары.**

**Телмірсем телефонға тіл қата алмай,  
Сескенем сенуге де шын бата алмай.**

Сыңсыған сым сыңғырын естіп қалам,  
Сөз жұтып күмілжіген мұң батардай.

Ақ шаштың ақ толқыны сырма боран,  
Кең мандай қыртысы мол қырда соран;  
Оранып жатыр дейді қара жерге,  
Жоқ, аға,  
Ол қателік. Жырға оран.

Зұлым зіл,  
Жеткені ме ақтангерге,  
Бұрын тіл,  
Батпай жүрді — сақтан дерге.  
Бұлыңғыр,  
Көрінеді зор бейнесі,  
Жылындыр,  
Жырым, барып жатқан жерге.

Дүние-ай!  
Кесек тұлға кесілді арман,  
Осы екен есіл — жалған, есімді алған.  
«Петро» шахтаң көзге елестейді  
Жеңгемдей өңі жұқа жесір қалған.

Жет, жырым!  
Бір жотаға жүз белгі қой.

Келер деп бізден күдер үзбейді ғой.  
Некролог — ауыр сөздер көп айтылар,  
Қайда, деп, ақын інім, іздейді ғой.

Даланың Кеңгір өзен тамырындай,  
Бұлқынар мұздан бөстек жамылынбай.  
Менің де сағынышым басылмай тұр,  
Сары Арқа жазғытұрғы сағымындай.

### ТОҒЫЗ АУЫЛ ШАХТАЛАР

Жер жетпес Жезқазғанға жер бетінде,  
Жаралған жез бұлағын селдетуге,  
Көрші,  
Әне! Алып тұлға шахталарды,  
Дәуірдің бейнесі бар келбетінде.

Осында бүгінгі шат өмір — қайнар,  
Гүлденді шөл боп жатқан теңбіл сайлар.  
Кен кеулеп «кең үңгірлі» забойда жүр,  
Бүгінгі ел тірегі Кеңгірбайлар.

Білгенге соның бәрі жақсы ғылым,  
Жыр жалғар жанға тетік тапшы, ұлым.  
Оралып қайта келіп Орекеңе,  
Айтайық кешегі күн жақсылығын.

Кеңгірдің жағасында жаңа қала,  
Жасалып жатқан кезі жаңа ғана.  
Өзгеріс көзімізше өтті талай,  
Біз түгіл мәлім сендей балаға да.

Жезқазған ол кездегі — тоғыз шахта,  
Тоғыз ел,

тоғыз ауыл,

тоғыз жақта

Қоғамдар соның бәрін Рудник бар,  
Жосытып жібермеген тоғыз саққа.

Жезқазған ол кездегі — тоғыз шахта,  
Жарысқан тоғыз толқын, тоғыз сапта.  
Тоқсан ұлт тоғысқан жер ықыласпен,  
Партия аялаған тоғыз бақта.

Коллектив — тоғыз отау. Тоғыз қауым,  
Тоғыз дос.

Тоғыз сыншы.

Тоғыз тауың.

Мен-дағы біреуінің бастығы едім,  
Сыйлаған құйысқандас сегіз бауыр.

Тамамдап не тірлік бар шахталарда,  
Тұратын көрсеткіштер тақталарда.

Процент жарты, бүтін кемдеу болса,  
Тіл бармас себеп тауып ақталарға.

Кездескен ақсақал да, көрші — қолаң,  
— Планың аман ба? — деп жөн сұраған.  
Шаруаң дұрыс болса үйінде де,  
Бойыңа даритұғын төл сыбаған.

Орекең кейде озатын планымен,  
Женетін кейде жаңа ұранымен,  
Төрт жылда бесжылдықты орындайтын,  
Жабайы қолында бар құлалымен.

Уәдешіл. Айтқан жерде тұра білген,  
Жаңашыл. Тың әрекет құра білген.  
Шахтаның Чапаевы сол еді ғой,  
Әскерін шабуылға бұра білген.

Ойқақтап, орағытып, шалқып ұдай,  
Сөреде шаң көрсетпес жалқы құмай.  
Жезқазған Суворовы — Орекеңдер,  
Қимылы найзағайдың жарқылындай.

Жарыста жастарға қыр білдіретін,  
Шымшыма әзіл-қалжың бір жүретін.  
— Ұялдық оза-оза жалғыз аттай,  
Бір рет осы озсын,— деп, күлдіретін.

Бастайтын кейде сөзді алыстан кеп,  
— Сайыста талай жылдар қалысқан ба ек,  
Директор «Петроға» соқпай қойды,  
Сондықтан кемдеу түстік жарыстан,— деп.

## КӨРЕЙІК КЕНШІ ҚАЛПЫНДА

Көзінің сәуле ұшып қиығынан,  
Күлетін әдеті еді миығынан.  
Май келіп салтанатқа шықса-дағы,  
Түспейтін қара тоны иығынан.

Білердей өзі ғана басқа мәнін,  
Тонды айтсаң сөйлер серпіп қас-қабағын:  
— Жүргенде слесарь боп киген тоным,  
Бұл күнде бастықпын деп тастамадым;

Табамын қара тоннан қалай кемдік,  
Жеңгеңнің сипағанын талай көрдім,  
Директор бұйрығын да талай-талай  
Бұлжытпай орындауға жарай бердік;

Қасиет көп, қара тонға қарасаңшы,  
Атадан мирас мүлік санасаңшы,  
Модадан қай заманда қалысады.  
Дублинке, қара барқын, қара замшы;

Забойдан шықсаң шапшаң жылытады,  
Бар бәрі көз тартатын қыры тағы ,  
Жауды да қара тонмен жүріп жеңдік,  
Қадірін қандай солдат ұмытады.—

Жан емес Орекеңдер жалаң қайық,  
Жұмыста кей мінезін баяндайық.  
Кигізіп ел білетін қара тонын,  
Ал, қане,  
Шахта жаққа аяндайық.

Сәтті күн даңқы атыңды дастан еткен,  
Мүлгісең уақыт мөңкіп тастап өткен.  
Күнделікті оперативка.  
Опера емес,  
Өзгеше ариясы бастан өткен.

Айтпайсың онда құрғақ ертегіні,  
Сұрайды бүгінгі мен ертеңгіні.  
Мүлт бассаң жан қинайтын кезі болар,  
Тақыр жон кездескендей жер теңбілі.

Нөсерге майысқандай кисық шатыр,  
Орекең плансызды ұрсып жатыр.  
Сыр білген кеншілерге майдай жағар,  
Кәдімгі забой тілмен ұрсып жатыр.

Руда ойлатпайтын жастық бабын,  
Жұмысқа жұмылдырар бастық бәрін.  
Оперативка. Кезекпен іс сұрайды,  
Тұрғызып учасюктер бастықтарын.

— Зайцев!

Жұртта үн жоқ.

Қорқытты ғой.

Тұрғызар әлде кімді,

Толқытты бой.

Бір жігіт көтерілді өңі қашып:

— Оразбек Дүйсенбаевич,

мен Волковпын ғой.

— Волков ең, көкжал едің,

Қолғабыс ең:

Жасқаншақ қоян болдың қолдағы сен.

Плансыз Волков емес, Зайцев болар,

Мен-дағы озған күнде жолбарыс ем.

Батырым, көңілге алма,

Жоққа иланып.

Жүруші ек кеше ғана көп сыйды алып.

Кетіппіз кеуде керіп,

Төс қаққыш боп;

Жегістік бас айналтып, көк миланып.

Ал, кане!  
Енді кімге ұрсу керек,  
Цифрлар міне даяр,  
Мың бір дерек,—  
дегенде жұрттың бәрі күлетұғын,  
Тұйғындар құйғындайтын,  
Қимыл ерек.

### АҒАНЫҢ ҮЙІ АҚ ЖАЙЛАУ

Ұлым-ау, дудар шашың басыңдағы,  
Дейсің ғой бүгінгі осы ғасыр мәні.  
Орекең қоюшы еді қысқа қырқып,  
Әдепті салтыменен жасындағы.

Қамқоршы айналасын баға қорып,  
Отырар сәнін бұзбай аға болып.  
Зіл бермей,  
әзілді де әдіптейтін,  
Біреуге жең,  
Біреуге жаға болып.

Бар еді орысшаға шорқақтығы,  
Тіл безеу емес оның жортақтығы.  
Кворумды «форумменен» шатастырса,  
Сөйлейтін жүрегiнiң ортақ тiлi.

Ажурды «абажур» деп қолданатын,  
Даланың «храм воздух» қойған атын.  
Футболдан командасы ұтылғанда,  
Кінәлі «дворовой» деп толғанатын.

Көзі бар көкіректің сөзге көнсең,  
Жоқ деме ол білетін өзге өлшем.  
«Бір елі» дегені бір сантиметр,  
Дәл айтар көңіл бөліп көзбен көрсе.

Төріне қонақ кейде толатұғын,  
Сөз бастап ойды-қырды шолатұғын.  
— Сіздерді «узкий круг» шақырып ек,—  
дегені үй толы жан болатұғын.

Деуші еді: «Домбыраны бұрағаным,  
Тыңдаушы, айтушыға ұнағаның.  
Қызу қол шапалақтау болса ұзақ,  
Жамиғат орындалар сұрағаның».

Содан соң ақ бурадай бұлғақтайтын,  
Домбыра үндес, тілдес сырғақтайтын.  
Көз жұмып, көңіл ояу шырқағанда,  
Қимыл пәс, дене марғау, міз бақпайтын.

Келісті күміс әуен қоңыр сазды,  
Сезінер шерткен күйден көңіл назды.

Бір-бірлеп шымырлатып, баяулатар,  
Кенгірге қондырғандай қоңыр қазды.

Ақ басын бөденеше бұғып қойып,  
Күй шертер көзді көпке бұрып қойып.  
Елге аян сүйікті әнін айтушы еді,  
Ниетін тыңдаушының ұғып қойып:

— Ей, ел жаманы Ибеске...

Ол да кірді кеңеске.  
Дәмеліге үйленген  
Дөкей жігіт емес пе.

Таба қылма сыншыға,  
Тәлкек етпе тыңшыға.  
Әнтек артық кетсем де,  
Қой, бәйбіше, шымшыма.

Жердің құты «Петро»,  
Судың құты «Ситро».  
Сені сүйген қалқатай  
Хитро біздің нутро.

Айтқанымды бағала,  
Ақылың бар ғой, шамала.  
Дәм үстінде, Дәмешім,  
Суық көзбен қарама...»

Осылай әзіл-оспақ қызуменен,  
Қалмайтын күлкілі сөз тізілмеген.  
Орекең жүрген жері базар еді,  
Қызығы тәтті түстей үзілмеген.

### «ПЕТРОДАҒЫ» ӨРТ

Жалған сөз жібермеспін намыс барда,  
Есен жүр көзі көрген таныстар да.  
Юрий Гагариннің ұшқан жылы,  
Адамзат қиял еткен ғарыштарға.

Бірінші Майдың жүрсең шапқысында,  
Өрт болды Оразбектің шахтасында.  
Бәрінен күйді деген аты жаман,  
Қалдырды «Петроны» қатты сынға.

Жымысқы түнгі жалын лапылдаған,  
Өртенді эстокада шатырлаған.  
Шахтаға тақау жерден отты үзді,  
Орекең шешімге мөрі ақылды адам.

Шахта аман.  
Сын сағатта ел сүйер іс.  
Жан аман.  
Ең жауапты, ең киелі іс.

**Сияқты ағаш арба көне көрме,  
Жаныпты даладағы — кен тиегіш.**

**Тексеріс. Комиссия жан қинатқан,  
Бірақ та, әділ шешім әл жинатқан.  
Қайыра эстокада салмақ болып,  
Жасалды жедел көмек комбинаттан.**

**Төңіректі теодолитпен ызып жатыр,  
Біреулер дереу жоба сызып жатыр.  
Әлде кім жабдық тасып, шапқыншыда,  
Қарбалас жаңа құрылыс қызып жатыр.**

**Далада құрылысшылар аман бәрі,  
Қимылдап жатыр іскер мамандары.  
Бірақ та, Оразбек бір көз салғанда,  
Көрінді көзге қысқа сағандары.**

**—Жігіттер, по-моему, байқау керек,  
деді ол,— ойымыз жоқ аңқау демек.  
Тек қана тіреулерің әнтек қысқа,  
Бес елі, әлде даже алтау керек.**

**Комбинат іске ие шахта емес,  
Тумады аса жайлы жақсы кеңес,  
Маркшейдер маңыздана жауап берді:  
«Мамандар бал ашатын бақсың емес».**

Орекең қайта жауап құрамады,  
Жалынып, жалпағайлап сұрамады.  
Асығыс комбинатқа кетіп қалды,  
Мінезі мейлі ұнады,  
ұнамады.

Келді де өз мөлшерін түсіндірді,  
Байыптап бас инженер ісін білді.  
Сенбегуге мамандарға себеп қайда,  
Созбақтап сөз аяғын қысыр бұрды.

— Белгілі осал іспен келмегенің,  
Менің де қинар жауап бермегенім.  
Оразбек Дүйсенбаевич, ойлан, саспа,  
Ұят қой, мамандарға сенбегенім.

«Ежелден жүрміз тыңдап ұғып көпті,  
Шахта тұр.  
Жоспарды өрт жығып кетті.  
Қорқамын. Кеш болмасын, тексертіңіз»,  
Деді де Орекең тез шығып кетті.

— Келмесін осы шалдың сандырағы,  
дегендей бас инженер абдырады.  
Тоқтатып бір сағатқа бар жұмысты,  
Құрылысты тез тексертіп алдырады.

Айтқаны Орекеңнің ем боп шықты,  
Масқара, бағандар көп кем боп шықты.  
Өзі емес, дипломдарын ұялтқандар  
Қаншама жұрт алдында жем боп шықты.

Мінекей, ұлым, мысал тосын жайда,  
Жөн білмес кей «асаулар» тосылмай ма.  
Саудагер ақшасындай ойнақтаған,  
Жаутаң көз мінез бітер осындайға.

Пай-пай-пай!

Іс болыпты некен-саяқ,  
Төс қакқыш масыл «маман» жеген таяқ.  
Көзіне Орекеңнің таң қалыстық.  
Көз емес, телескоп қой, дегендей-ақ.

Ақиқат болған шындық тамамдалды,  
Сөкпеймін оқуы бар мамандарды.  
Әкелер аз оқумен түзеп берді,  
Алғашқы біздің албырт қадамдарды.

Уа, тарлан!

Асыл аға, Орекеміз!

Сен — жаға, біз қолқабыс — жең екенбіз,  
Бас білмес бұла кезде ақыл берген,  
Көңіл тоқ өзің барда жең екенбіз.

Таймаған жалтыр мұзда тағаларың,  
Ел үшін шексіз қымбат бағаларың.  
Біздерге бас борозда салып берген  
Ұрпақтан мың рахмет,  
ағаларым!

### ЖАҢА ШАХТА, ЖАҢА ЖЕР

Көп жылдар өтті жылдам жарыспенен,  
Атқарған еңбекке сай мәніспенен.  
«Петро» — ол да бітті кенін сарқып,  
Дүбірлі мәз дәуірді табыспенен.

Көп жылдар,  
Өтті ілгері шауып, желіп,  
Кімге ой, кімге думан сауық беріп,  
Біреулер жетті алыс арманына,  
Тіршілік тілегенін тауып беріп.,

Тыныштық өтті жылдар соғысы жок,  
Тарихтың елге берген қол ұшы боп.  
Жезқазған ол да әйгілі қала болды,  
Жаңа үй, жаңа шахта қонысы көп.

Тойладық ескі шахта біткендігін,  
Тоғыздың босатыппыз жүктен бірін.

Ашылды жаңа шахта, алып шахта,  
Қарсы алды «петролықтар» күткен күнін.

Бұл шахта кербез биік дала маңдай,  
Кең сарай ақ мәрмәрдан қалағандай.  
Биіктік тереңдікпен ұштасып тұр,  
Өмірдің талабына жарағандай.

Жаңа жер, құтты қоныс, жолыңды ашар,  
Бір емес «Петроның» онын жасар.  
Орекең келді осында алшаң басып,  
Жай емес директорға орынбасар.

Молды қол, мөлшер жоба кеңестері,  
Жиырма бес тонналаған тегештері.  
Шахта емес,  
жер астында завод дерсің  
Жаңаша жұмыс жүйе белестері.

Адамдар «газиктермен» тасылады,  
Тозанды тазартқыштар жасырады.  
Бұрынғы қолмен тіреп бұрғылау жоқ,  
Тілалғыш кнопкалар басылады.

Қызығып тамашаға көнгендейсің,  
Жер астын көшелерге бөлгендейсің.

Кесілген оқпан, үнгі, штректер,  
Мәскеудің метросын көргендейсін.

Бұл жәйді болар талай жазарымыз,  
Оралсын Орекене назарымыз.  
Ол айтқан талай жоба дәйек еді,  
Шығынсыз болса кенді қазарымыз.

Көп істің аға айтқан қазыналы,  
Үлгердік жырға жалғап азын әлі.  
Жасампаз Жезқазғанның тарихына,  
Оразбек аты алтынмен жазылады.

### ЭПИЛОГ ҮШІН

... Өтті ол аз оқуменен жалын болып,  
Меңгерген тау тетігін дарын қонып.  
Егер де дер кезінде білім алса,  
Айтулы жүрер ме еді ғалым болып.

Бейнесін айқын сақтап жүрегімде,  
Ізімен алдыңғы арба үдедім бе.  
Жетпіске шахтадан қол үзбей өткен,  
Бір қыры қалса игі түлегінде.

Көз салсақ алдымызда қарасынға,  
Мықтылар қалар адам санасында.

**Забойда жүргендей ол көрінеді,  
Жайрандап кеншілердің арасында.**

**Кейіпкер емес жәй бір жыр сарбазы,  
Қазақтың Орекеңдер дүр маңғазы.  
Талай жыл жер қопарып, тау сілкітті, —  
Нотасыз күй төккендей Құрманғазы.**

# МАЗМҰНЫ

## Өлеңдер

Москваға . . . . .	7
Сағыныш назы . . . . .	9
Захарово зері . . . . .	12
Шындық . . . . .	14
Анамның берген тәлімі	15
Ұлыма . . . . .	19
Ұлытау сыры . . . . .	20
Кұлагерге . . . . .	22
Астананың жаңбыры . . . . .	23
Аға сөзі . . . . .	26
Күміс орман . . . . .	27
Сәуір келе жатыр ғой . . . . .	29
Орта жолда . . . . .	30
«Әкесіз бала ойшылдау» . . . . .	34
«Тірліктің қымбат қонағы» . . . . .	35
Жел диірмен . . . . .	<b>36</b>
251-биіктікте . . . . .	39
Элегия . . . . .	42
Юрий Гагаринге . . . . .	43
«Жоқ еді менің жаным» . . . . .	44
«Толғандырып тойлы ауыл» . . . . .	45
Қырым көпіріндегі сыр . . . . .	46
Дала заңы . . . . .	48
Москвадағы пәтерім . . . . .	49
Жусангүл . . . . .	51
Үміт, қауіп, уайым . . . . .	53
Студент бара — директор . . . . .	54

«Көктемде көрдім құстардың қайтып келгенін»	57
Москва — өзен бойында . . . . .	58
«Ғашық көзде» . . . . .	60
«Қаймықпа, жоққа тоқталып» . . . . .	61
Ештен кеш . . . . .	62
Бәйбіше күз . . . . .	63
Уыз — қымыз, уыз — қыз . . . . .	65
Абайға . . . . .	67
Өзінді, сәулем сағындым . . . . .	68
«Тәлімі мол» . . . . .	70
Бәйге шарты . . . . .	71
Егіз шумақ . . . . .	73
Сағынба . . . . .	74
«Жер бетінде бар нәсіп» . . . . .	75
Қызғаныш . . . . .	76
Жаңбыр . . . . .	78
«Соңғы мода кигенің» . . . . .	79
«Жаным-жалау» . . . . .	81
Қарсақпай . . . . .	82
«Алдымда жатқан ақ қағаз» . . . . .	83
«Үш катын» . . . . .	84
Ұларым . . . . .	86
Қалай ғана ұйықтайын . . . . .	87
Жасқанып жүрмін баруға . . . . .	88
Мүсін көріп тұрсам да . . . . .	89
Кер бие . . . . .	90
Сырымбетке . . . . .	91
Өмірдің жарты бөлшегі . . . . .	96
Балқаш көлге . . . . .	97
«Қату кезде» . . . . .	101
Күй атасы, армысың . . . . .	102
«Ойым жоқ әлдеқалай барға көнбек» . . . . .	107

Сұлулыққа отырам шәк қоя алмай . . . . .	108
Москвадан репортаж . . . . .	109
«Оралған көзге» . . . . .	116
Жанымның құштарлығы . . . . .	117
Қырық бірінші жыр қайда . . . . .	119
Сезімгүл . . . . .	122
Сені іздеймін . . . . .	126
Пушкинода . . . . .	127
Қылыш көл . . . . .	129
Ізгі арман . . . . .	131
«Кім маған айта алады екен» . . . . .	132
«Орансандар үлде менен бұлдеге» . . . . .	139
Румыния жеріне . . . . .	134
Қаладағы элегия . . . . .	136
Мода мен модельер . . . . .	137
Шүкірән . . . . .	140
«Араб қызы Махбуба» . . . . .	142
Қаршагүл . . . . .	142
«Сен жаңылдың» . . . . .	143
Қызыма хат . . . . .	144
Түнгі теңіз . . . . .	147
Анама . . . . .	148
Шертпе күй . . . . .	149
«Тұр дейді ғой» . . . . .	151
Тұңғыш гүл . . . . .	152
Бұлт . . . . .	154
Жүрек лүпілі . . . . .	155
Сурет . . . . .	157
Жидегім . . . . .	159
Бүлдірген . . . . .	160
«Сөз көбейтіп» . . . . .	162
Биллиардшы келіншек . . . . .	163

«Берік-бекелі құрыштаймыз» . . . . .	166
Тыныштық . . . . .	167
«Үйретші аға, «Гәккуді» . . . . .	169
«Қарай берші, қарағым» . . . . .	170
Қыз — дала . . . . .	171
Үміт . . . . .	173
«Жол тауып жүрегіне жақындадым» . . . . .	174
Төкпе күй . . . . .	175
Батыр аға . . . . .	177
Толқиды Тоқырауын толқындары . . . . .	180
Қарындасым Нәзипаға . . . . .	181
Идиллия . . . . .	182
Асығыспын . . . . .	183
«Жамандық деп сезінем» . . . . .	185
Тауларға . . . . .	186
Ауылдың бұл да ғажап өзгерісі . . . . .	188
Туған елге ұсынам . . . . .	190
Сұлу ән . . . . .	193
Сәскенің сездім өткенін . . . . .	194
Онашадағы ой . . . . .	195
«Жылдар жылжып» . . . . .	193
«Көктем келді» . . . . .	199
Тойдағы ой . . . . .	200
«Елді ойламай ақынның таңы атқан ба» . . . . .	202
Табиғаттан үйрендік . . . . .	203
Бір қиян . . . . .	204
Тостаған көздер . . . . .	205
Жезкиік . . . . .	206
Қорқыныш . . . . .	208
Тұйықтағы тұнықта . . . . .	209
Ауылдан аттанарда . . . . .	211
Құлшыныс . . . . .	215

«Акку құс бара жатыр алыстарға» . . . . .	216
Мен ағымнан жарылам . . . . .	217
«Майдағы туған өлендер» . . . . .	219
«Жалынды сөзде жалған жоқ» . . . . .	220
«Салқын дене қызбайды» . . . . .	221
Құс сайран . . . . .	222
Сақтану . . . . .	223
Кумолтақ . . . . .	224
Қарағым, қандайсың . . . . .	225
Қызыл қайың . . . . .	227
Қайырылмай кетпесін алма мойын . . . . .	228
«Тоқаштанған томпақ бет» . . . . .	229
Қамқа халат . . . . .	231
Құдаша . . . . .	232
Сескену . . . . .	233
Сырласу . . . . .	234
Алыптар мен адырлар . . . . .	235
«Кош айтысып кетсең де» . . . . .	236
«Бейуақыт бекер ғана» . . . . .	238
Ұмыту оңай емес қой . . . . .	239
Кавказ қызы . . . . .	240
«Көз жасы жігіттің» . . . . .	241
Жалғыз жапырақ . . . . .	242
Ескі хаттар . . . . .	243
«Көресің суретімді оңашада» . . . . .	246
Той сезімік . . . . .	247

*Поэма*

Кенші жолы . . . . .	257
----------------------	-----

Какимбек Салыков  
**ДЫХАНИЕ ВОЛНУЮЩИХ ДНЕЙ**

*Стихи и поэма*

(на казахском языке)

Редактор *Д. Канатбаев*. Художник *М. Амин*. Худ. редактор  
*Б. Машрапов*. Тех. редактор *С. Лепесова*  
Корректор *А. Мухамеджанова*.

Сдано в набор 23/1 1978 г. Подписано в печать 15/V 1978 г.  
УГ01049. Формат 84×108<sup>1/4</sup>. Бум. тип. № 1. Литературная гар-  
нитура. Высокая печать. Печ. л. 4,5. Усл. печ. л. 7,56. Уч.-  
изд. л. 7,21. Тираж 5800 экз. Заказ № 648. Цена 90 к.

Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, пр. Комму-  
нистический, 105.

Полиграфкомбинат производственного объединения полигра-  
фических предприятий «Кітап» Государственного комитета  
Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, по-  
лиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.